



СЕРІКТЕСТІКТІ ДАМУҒА МҮМКІНДІК МОЛ

«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Гвинея-Бисау Президенті Умару Сисоку Эмбалони салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Умару Сисоку Эмбало бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауының бастығы президенттерге рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан соң мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Президенттің айтуынша, Гвинея-Бисау – Қазақстанның Африка құрлығындағы маңызды серіктесі.

– Біз екіжақты қарым-қатынасты нығайтуға мүдделіміз. Екі ел арасындағы ықпалдастықтың келешегі зор деп санаймын. Ол үшін үкіметтер өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін қарастыруға бар күш-жігерін салады. Сонымен қатар халықаралық өзекті мәселелерге қатысты ұстанымдарымыз ұқсас. Біз басты халықаралық құрылымдардағы, ең алдымен, БҰҰ және Ислам ынтымақтастық ұйымындағы Сіздің еліңіздің өкілдерімен байланысты күшейтуге дайынбыз, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі, цифрландыру және көлік-логистика бағыттары бойынша өзара қарым-қатынасын дамытуда әлеуеті зор екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Умару Сисоку Эмбало қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді.

– Қазақстанмен тығыз қарым-қатынас орнатудың мәні зор. Мен бұған дейін еліңізге Премьер-министр ретінде келген едім. Бұрнағы жылдары Гвинея-Бисаудың студенттері Қазақстанда оқыған болатын. Олардың басым бөлігі техникалық мамандық бойынша білім алды. Біз осы бағыттағы ынтымақтастықты жалғастырамыз келеді. Себебі Қазақстаннан үйренеріміз көп, – деді Гвинея-Бисау Президенті.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни мен оның отандастарын Қатар Мемлекетінің Ұлттық мерекесімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қатар Қазақстанның араб әлеміндегі сенімді әрі басты серіктестерінің бірі екеніне тоқталып, екі ел арасында сындарлы және мазмұнды қарым-қатынас орнағанын атап өтті. Сондай-ақ дәстүрлі достық пен бауырластық рухындағы берік ынтымақтастық нығая түсіп, қос халықтың игілігі үшін ілгерілей беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнидің жауапты қызметіне толағай табыс, ал Қатар халқына құт-береке тіледі.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президенті Эммануэль Макронға Майотта архипелагында болған жойқын тайфун салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.


Президент қайтыс болған азаматтардың жақын-жуықтарына олардың қайғысына ортақтаса көңіл айтып, зардап шеккен адамдардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

МӘСЕЛЕ

«ЖЕҢІЛ» САЛАНЫҢ ЖЕҢІЛЕ БЕРГЕНІ ЖӨН БЕ?

Жеңіл өнеркәсіп өз атын ақтап-ақ тұр: ол шетелдік өнімдерге жеңілді, жаппай жол берді. Бұл әзілдің түбінде зіл бар. Өнеркәсіп министрлігінің мәліметінше, осы өнеркәсіптегі отандық тауар өндірісі 2020 жылғы 142,7 млрд-тан 2023 жылы 237,4 млрд теңгеге дейін ғана артты. Оның өзінде бұған негізінен баға көтерілісі ықпал етті. Дәл осы кезеңде шетелден тасылған жеңіл өнеркәсіп тауарлары 384,9 миллиардтан 1,4 триллион теңгеге дейін, 3,5 есе ұлғайды. Оның 925,5 миллиарды – көлеңкелі айналым! Бірақ үміт оты сөнген жоқ. Саланың қайта түлеу әлеуеті зор.

→ 4



САНАЛЫ ҚОҒАМ ҚЫЗДЫ ҚОРҒАЙДЫ

Астанадағы «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы 2019 жылдың 26 тамызында қала әкімдігінің жанынан пилоттық жоба ретінде ашылған болатын. Жобаның басты мақсаты – мемлекеттің әлеуметтік саясатын қолдау, қоғамның әлеуметтік өмір сүру жағдайын реттеудің бір бағыты ретінде қоғамның әлауқаты мен өмір сүру деңгейін жақсарту. Сонымен қатар қиын жағдайға тап болған әрбір отбасыға психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету, отбасы институтын дамытуға жан-жақты қолдау білдіру секілді ауқымды шараларды қамтиды. 2020 жылдан бері коммуналдық мемлекеттік мекеме болып ресми түрде жұмыс атқарып келеді. Бүгінге дейін орталықта түрлі тағдыр теперішін көрген әйелдерге, балаларға, тіпті ер адамдарға да мейірімін төгіп, қолдан келген көмегі мен ақыл-кеңесін аямайтын абзал жандар қызмет етеді.

(Жалғасы 6-бетте)



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ОТЫРАРЛЫҚТАР ЛЕЙШМАНИОЗДЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАДЫ?



Түркістан облысына қарасты Отырар ауданы тұрғындарын лейшманиоз жарасы мазалап келе жатқанына 50 жылға жуықтап қалыпты. Алғаш рет сонау 1980 жылы тіркелген ойық жара араға жылдар салып арагидік көбейіп тұрады.

→ 5

ТЕҢІЗ ТӨСКЕЙІНДЕГІ ТОҚЫРАҒАН ТІРШІЛІК



Бүгінгі қоғамда ауыл өміріндегі күрделі мәселелер аз емес. Әсіресе, күнделікті тұрмысқа қажетті жол мен ауызсудан бастап ғаламторға қолжетімсіздік, денсаулық пен білім саласына қатысты түйткілдер жиі көтеріліп жатады.

→ 7

19 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

СЕРІКТЕСТІКТІ ДАМУҒА МҮМКІНДІК МОЛ

(Басы 1-бетте)

Бұдан соң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гвинея-Бисау президенті Умару Сисоку Эмбало екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы мәртебелі мейманға іттипат білдіре отырып, екіжақты ықпалдастықтың дамуына тың серпін беру тұрғысынан бұл сапардың маңызы зор екеніне назар аударды.

— Сіз Қазақстанға Гвинея-Бисаудың Президенті ретінде алғаш рет келіп тұрсыз. Мұны тарихи сапар деуге болады. Жоғары деңгейдегі осы кездесу екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңіне жол ашады деп сенемін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Қазақстан мен Гвинея-Бисау арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 10 жыл толғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, бүгінгі тарихи кездесу өзара тиімді серіктестікті одан әрі тереңдетуге негіз болады.

— Осы кезең ішінде біз өзара қолдау мен берік достыққа негізделген ынтымақтастық орнаттық. Серіктестігімізді одан әрі дамытуға мол мүмкіндік бар. Әсіресе, экономика және сауда-саттық салаларының әлеуеті жоғары. Мен бүгінгі сапарыңызды екі елдің ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған маңызды қадам деп қарастырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Умару Сисоку Эмбало қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстан халқына алғыс айтты.

— Менің бүгінгі сапарым Бисау мен Астана арасындағы достық байланыстар мен ынтымақтастықты нығайтуға қос тараптың да ниетті екенін айғақтайды, — деді Умару Сисоку Эмбало.

Гвинея-Бисау Президенті екі ел көпжақты құрылымдар, соның ішінде БҰҰ аясында табысты ықпалдастық орнатқанына тоқталды. Ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ мен өзге де халықаралық ұйымдарды реформалауға қатысты ұстанымын қолдайтынын жеткізді.



Тараптар ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, тау-кен металлургиясы, қаржы, цифрландыру және телекоммуникациялық технологиялар сияқты перспективті салаларда ықпалдастық орнату мәселелерін қарастырды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша президенттер Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Қазақстан мен Гвинея-Бисаудың ресми делегация мүшелері мынадай құжаттарға, атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Гвинея-Бисау Республикасы Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік паспорт иелерін виза талаптарынан босату туралы келісімге, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Гвинея-Бисау Республикасы Сыртқы істер, халықаралық ынтымақтастық және қауымдастық министрлігі арасындағы саяси және дипломатиялық консультациялар туралы меморандумға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Гвинея-Бисау Республикасы Көлік, телекоммуникация және цифрлық экономика министрлігі арасындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы мен Гвинея-Бисау Президенті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Умару Сисоку Эмбалоның Қазақстанға ресми сапары алыс жатқан елдерді байланыстырып, халықтарымыздың тілегі мен ниеті бір екенін көрсетеді.

— Екіжақты кездесудің нәтижесінде тиімді ағдаластықтарға қол жеткіздік. Бұл сапар саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және басқа да салалардағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, көлік-логистика саласының әлеуетін толық пайдалануға екі ел де мүдделі. Осы

ретте Батыс Африкадағы Бисау порты мен Транскаспий көлік дәлізін ұштастыру жолдарын зерделеуге келістік. Әлемдегі геосаяси ахуал мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі ушығып тұрған қазіргі кезде мұның мән-маңызы айрықша, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласындағы серіктестік келіссөздердегі басты тақырыптың бірі болғанын айтты. Тараптар Қазақстанның Гвинея-Бисауға дөңді-дақылды экспорттауға қатысты мүмкіндігі мол екеніне назар аударған.

— Бұл ретте еліміздің бастамасымен құрылған Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының әлеуетін толық пайдалануға болады. Сонымен қатар тау-кен және табиғи ресурстарды игеру ісіндегі ынтымақтастық мәселесін талқыладық. Атап айтқанда, темір, фосфат, боксит және басқа да сирек кездесетін минерал кеніштерін барлау және игеру үшін бірлесу жұмысы істеуге зор мүмкіндік бар, — деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің цифрландыру, киберқауіпсіздік және финтех бағытындағы жетістіктеріне тоқталып, цифрлық қызмет саласындағы ықпалдастықты арттыруды ұсынғанын жеткізді. Сонымен қатар Гвинея-Бисау делегациясын келесі жылы өтетін Астана халықаралық форумына шақырғанын айтты.

— Бұл Қазақстанның экономикалық және инвестициялық әлеуетімен толық танысуға мүмкіндік береді. Азаматтарымыз бір-бірін жақын танып, білуі үшін мәдени-гуманитарлық байланыстың маңызы зор. Осы ретте мен Гвинея-Бисау жастарына Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуды ұсындым. Бұл қадамдар екі ел арасында жан-жақты ынтымақтастықты жандандыруға ықпал етері сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тараптар халықаралық мәселелер жөнінде пікір алмасып, ой бөліскен. Қазақстан Президенті қос мемлекеттің көптеген өзекті тақырыптар бойынша ұстанымдары ұқсас екенін мәлімдеді.

— Әсіресе, жаһандық бейбітшілік пен өңірлік тұрақтылықты сақтауға қатысты көзқарасымыз ортақ. Қазіргі геосаяси жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Африка Одағы аясында өзара қолдау көрсету және консультациялар өткізу аса маңызды. Жалпы, жан-жақты қарым-қатынасты нығайтуға мол мүмкіндік бар. Бүгінгі маңызды келісімдер — соның айқын көрінісі. Умару Эмбало мырзаның сапары Қазақстан мен Гвинея-Бисау арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін береді деп санаймыз, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Умару Сисоку Эмбало Қазақстан мен Гвинея-Бисау арасындағы ынтымақтастықты нығайту перспективасына назар аударды.

— Елдерімізде табиғи ресурстарды барлау, білім беру салалары мен көмірсутегін экспорттау бойынша ықпалдастықты жандандыруға қажетті механизм бар. Сонымен қатар Сіздермен түрлі халықаралық алаңдарда қарым-қатынас жасап, көпқырлы байланысымызды ілгерілетуге мүдделіміз, — деді Гвинея-Бисау Президенті.

Мейір ЖАСЫН



КРЕАТИВТІ СЕКТОР – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІН ДӘРІПТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛІ

Мәдениет, өнер және медиа саласының өкілдері Астанада ұйымдастырылған QazaqSham форумында бас қосты. Іс-шара барысында отандық креативті индустрияны дамытуға, қазақтілді контент жасаумен айналысатын жас таланттарды қолдауға және саланы инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге қатысты мәселелер талқыланды. Бибігүл Төлегенова атындағы креативті мектепте өткен форумға Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев және бір топ депутат қатысты.

Мәулен Әшімбаев қатысушыларға іттипат білдіре келіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен елімізде креативті индустрияны дамыту үшін жүйелі қадамдар жасалып жатқанын атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елімізде креативті индустрияны дамытуға қатысты нақты міндеттерді белгілеп берді. Бүгінде осы бағытта ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Соның аясында елімізде алғаш рет Креативті индустрияны қолдау қоры құрылатын болды. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасымен салаға қажетті инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде бірқатар креативті орталықтар ашу жұмыстары да жүйелі жүргізіліп келеді», — деп палата Спикері мүдделі тараптарды отандық креативті индустрияны дамыту жолында бірлесіп әрекет етуге шақырды.

Форумға қатысушылар цифрлық технологияларды енгізуге қатысты бастамаларды, сондай-ақ өнер өкілдерінің білім беру, денсаулық сақтау, құтқарушылар және басқа да салалардың мамандарымен бірлескен жобаларын талқылады. Одан бөлек, таланттарды іздеп, олардың өнімдері мен қызметтерін экспорттауға жәрдем беретін Креативті индустрияны қолдау қоры аясындағы бірлескен жұмыс барысы сөз болды.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы креативті сектордың экономикалық әлеуеті жыл өткен сайын артып келе жатқанын тілге тиек етіп, әлемдік трендтерге және отандық контентмейкерлер назар аударуға тиіс маңызды мәселелерге тоқталды. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, ұлттық құндылықтарды дәріптеу ісінде шығармашылық сектор маңызды рөл атқарады. «Креативті сектор — ұлттың мәдениеті мен құндылықтарын дәріптеудің заманауи тәсілі. Бүгінгідей

сын-кәтерлер жағдайында ұлттық ерекшелікті сақтап, дамытудың маңызы зор. Бұл ретте дайындалатын контенттердің мазмұны айрықша рөл атқарады. Зерттеулерге сүйенсек, қазір қазақстандық жастар шетелдік емес, отандық контентті көбірек пайдаланғанды жөн санайды. Бұл сіздер сияқты креативті индустрия саласында және цифрлық ортада жүргендер үшін жақсы мүмкіндік екені сөзсіз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Ол осы тұрғыда Бибігүл Төлегенова атындағы креативті мектептің миссиясы өңірлерден келген дарынды қазақстандықтарға қолдау көрсетуді және олардың жобаларын ілгерілетуге, әлеуеті мен талантын ашуға ықпал етуді көздейтінін атап өтті.

«QazaqSham форумының Бибігүл Төлегенова атындағы креативті мектепте өтуі тегін емес. Себебі Бибігүл Төлегенова — өзі де, өнері де ұлтымыздың мақтанышына айналған дара тұлға. Оның көпқырлы шығармашылығы елімізбен бірге әлемдік деңгейде де жоғары бағаланады және жас таланттарға әрдайым бағыт-бағдар көрсетіп тұрады. Сондықтан форумның осындай өнер иесінің атымен аталатын креативті мектепте ұйымдастырылуының символикалық мәні зор деп қабылдаймыз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Форумға Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы, Tan Media Group директоры кенесінің төрағасы Арманжан Байтасов, Phenomenal Kids жобасының негізін қалаушы Азат Әбікен, Balafunny YouTube-арнасының негізін қалаушы Алтынай Есенжанова және креативті индустрия саласының басқа да өкілдері қатысты.

ТҮРКІСТАНҒА ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕ БЕРІЛЕДІ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы заң жобасы мен оған ілесіп түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ заңнаманың және көру қабілеті бұзылған, баспа ақпаратты қабылдауға қабілеттері шектеулі адамдардың жарияланған туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялады.



Премьер-Министрдің орынбасары Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы заң жобасы мен оған ілесіп түзетулер Мемлекет басшысының қалаға рухани және тарихи орталық ретінде ерекше мәртебе беру жөніндегі тапсырмасына сәйкес әзірленгенін, сондай-ақ Түркістан қаласын Түркі мемлекеттері ұйымы мен түркі әлемінің рухани астанасы ретінде тану, қаланың тарихи келбетін және аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау қажеттілігі негіз болғанын айтты.

— Құжаттың басты новеллалары — Түркістан қаласы археологиялық ескерткіштерінің резерватын құру, ұлттық колорет саласындағы шеберлердің шығарымының бір бөлігін бюджеттен өтуе, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің айналасындағы құрылысты шектеу, құрылыстың бөгде элементтеріне жол бермеу және оның бірегейлігін сақтау. Сондай-ақ кесененің қорғау аймағының шекарасына іргелес жатқан жүз метр қашықтықта биіктігі жеті метрден асатын, сондай-ақ ауқымы, түсі және құрылыс материалдары бойынша тарихи ескерткіштермен сәйкес келмейтін объектілер салуға жол берілмейді, — деді Н.Байбазаров.

Жұмыс тобының жетекшісі, депутат Темір Қырықбаев қосымша баяндамасында орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ Түркістан қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттіктері қайтадан қарастырылып, колорет, туризм салаларына қоян-қолтық қолдау көзделгенін атап өтті.

Бұдан соң депутаттар заңнаманың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария

етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялады. Құжатқа 2013 жылы 27 маусымда Марракеш қаласында қол қойылған.

Әділет министрі Азамат Ескараевтың айтуынша, шарт көру қабілеті нашар адамдардың арналған кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол қоғамның мәдени және әлеуметтік өміріне араласуына, осындай тұлғаларға ыңғайлы форматта жасалған туындыларды халықаралық алмасуды жүзеге асыруға жол ашады, — деді А.Ескараев.

Марракеш шартының ережелері аудиокітаптармен қоса кез келген БАҚ-та жарияланған немесе басқа жолмен көпшілікке қолжетімді мәтін, ноталық жазба секілді иллюстрация түріндегі туындыларға қолданылады.

Жалпы отырыста Мәжіліс комитеттері жана заң жобасын жұмысқа қабылдады. Олар: түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы ратификациялық хаттама және көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялар құру, қызметі және оларды жүзеге асыру туралы ратификациялық келісім.



«ЖАС КӨШБАСШЫЛАР ПЛАТФОРМАСЫ»: КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА

Астанада «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен тұңғыш рет «Жас көшбасшылар платформасы» жобасы өз жұмысын бастады. 18-19 желтоқсан күндері өтетін іс-шараға еліміздің барлық өңірінен келген 150 белсенді жас қатысуда.

Жиын басында сөз алған «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек іс-шараның маңыздылығына тоқталып, болашақта ел тізгінін қолға алатын көшбасшылардың қарым-қабілетін жан-жақты дамыту, оларға қолдау көрсету партияның негізгі мақсаттарының бірі екенін атап өтті.

«Партиямыздың «Жастар Рухы» жастар қанаты Мемлекет басшысының бастамаларын әрқазыра қолдай келеді. Партия өз жұмысында «Жастармен бірге» қағидасын басшылыққа алады. Осы орайда біз Жас көшбасшылар платформасын құрдық. Еліміздің барлық өңірінен келген жас көшбасшылар осы платформа арқылы тың идеялары мен жобаларын жүзеге асырып, оны бүкіл ел аумағына таратуды үйренеді. Қазірдің өзінде іске асырылған жобаларымыз бар. Мәселен, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында еліміздің 5 өңірінде road-эстафета

өтіп, нәтижесінде «Астана-Алматы» тасжолы қоныстан тазартылды. Мұндай жобалар жастарымызды жұмылдыра түсеріне сенімдімін», — деді ол.

«Жастар Рухы» ЖК төрағасы Ақерке Искандерованың айтуынша, «Жас көшбасшылар платформасы» жастардың көшбасшылық қабілеттерін дамытып, қоғамдық-саяси салаға қызығушылығы бар белсенділерді қолдауға бағытталған. Жоба аясында қатысушыларға оқыту сессиялары, команда құру тренингтері және ашық диалог алаңдары ұсынылды. Жастар «саяси талдау», «фактчекинг», «эмоционалды интеллект және команда басқару» сияқты маңызды бағыттар бойынша білімдерін жетілдірді.

«Бұл платформа — «Жастар Рухы» мүшелері үшін ерекше мүмкіндік. Қазір 125 мыңнан астам жасты біріктіріп отырған ұйымымыз нақты бастамаларымен көзге түсіп келеді. Біздің белсенділер еліміздегі

өзекті мәселелерді шешуде үнемі алдыңғы шептен көрініп жүр. Бүгінгі оқыту алаңы да жастардың бойында көшбасшылық дағдыларды дамытып, оларды ел болашағына қызмет етуге дайындауды көздейді. Екі күндік оқудан кейін жастар жана тәжірибе жинап, тың идеялармен оралады деп сенемін», — деді Ақерке Искандерова.

Бұл бастама жазда Түркістан облысында өткен республикалық жастар саяси лагерінде көтерілген болатын. Оқытуға 18 бен 25 жас аралығындағы «Жастар Рухы» ЖК белсенділері, бөлімше жетекшілері қатысып жатыр. Қатысушылардың орташа жасы — 21-де. Оқуға келгендердің 51%-ын ерлер, 49%-ын қыздар құрайды.

«Мұндай шараның біз үшін берері мол. «Жас көшбасшылар платформасы» арқылы жана білім алып қана қоймай, еліміздің әр аймағынан келген жастармен танысып, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болдық. Бұл білімді болашақта қоғамдық қызметте қолданатынымызға сенімдімін», — деп өз әсерімен бөлісті қатысушылардың бірі Динара Молдағай.

Отырыс барысында ашық әңгіме өрбіді. Қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауап алды.

ӨНДІРІСТІ ДАМУ ТУРАДА ПЕРСПЕКТИВАСЫН БАҒАЛАДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов Dalian Hesheng Holdings Group Co., Ltd. компаниялар тобының басқарма төрағасының орынбасары Ма Хуньхан бастаған қытай делегациясымен кездесу өткізді. Агрөнеркәсіп кешені саласындағы инвестициялық ынтымақтастық мәселелері, сондай-ақ көмір химиясы мен машина жасау салаларындағы өзара іс-қимылі перспективалары талқыланды.



Қытайлық көпсалалы Dalian Hesheng Holdings компаниясы бидайды өңдеу және ашыту саласындағы технологиялық патенттің иегері саналады және озық цифрлық технологияларды пайдаланады. Ақмола облысында бидайды тереңдету өңдеу бойынша тігінен кіріктірілген өнеркәсіптік парк құрылысының жана инвестициялық жобасын іске асыру жоспарланып отыр. Бірінші кезеңде инвестиция көлемі 500-800 млн долларды құраса, жобаны іске асырудың екінші және үшінші кезеңдері тағы 1 млрд долларға бағаланады. Алғашқы кезеңде қайта өңдеу қуаты жылына 3 млн тоннаға дейін өсу перспективасымен 1 млн тоннаны құрайды. 2 мыңға жуық жұмыс орны ашылады.

Жобада көмір жылу электр стансасы мен көмір химиясы кешенінің құрылысы да қарастырылған. Көмірді қайта өңдеу нәтижесінде жылына 150-400 мың тонна сұйық аммиак алынады деп күтілуде.

Жалпы, жана агрожобаны іске асыру мультипликативті әсер береді, ауыл шаруашылығын жаңғыртуға ықпал етеді, сондай-ақ логистика және сауда секілді еншілес салаларды дамуына серпін береді.

Премьер-Министр астық жинауда рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізуді ескере отырып, бидайды қайта өңдеуді

белсенді түрде арттырудың маңызды екенін тоқталды.

«Қазақстан — аграрлық секторы дамыған ел. Біз қосылған құны жоғары өнім шығаруды арттыруға ұмтыламыз. Бұл — біздің еліміз үшін басым бағыт. Үкімет өндірісті локализациялауға және озық технологияларды трансферттеуге бағытталған», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Dalian Hesheng қытайлық компаниялар тобы басқарма төрағасының орынбасары Ма Хуньхан өз кезегінде Қазақстандағы ынтымақтастық пен өндірісті дамыту перспективаларын жоғары бағалады. Қолайлы іскерлік ахуал және бизнесті жүргізуге жасалған жағдай атап өтілді. Ма Хуньхан зауыттың құрылысын 2025 жылдың екінші тоқсанына жоспарланып отырғанын айтты.

Сондай-ақ кездесу барысында Dalian Hesheng Holdings Group компаниясының аграрлық бағыт жөніндегі басқарма төрағасы Юй Юфэй, бидай биоферментациясының бірегей технологиясын әзірлеуші және саладағы озық шешімдердің авторы, аға инженер Шу Сонгто сөз сөйледі.

Кездесу қорытындысы бойынша Премьер-Министр мүдделі мемлекеттік органдарға қысқа мерзімде қытайлық әріптестермен инвестициялық келісім жасау бойынша тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды.

Еркін ӘБІЛ, Мәжіліс депутаты:

ЖАҢА БЮДЖЕТ КОДЕКСІ — ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Өткен жылдың қыркүйегінен бастап Мәжілістің жұмыс тобы Қазақстан Республикасының жаңа Бюджет кодексіні әзірлеп, ондағы айтулы мәселелер турасында түрлі талқылау өткізген болатын. Осы кезеңде жобаға бірнеше маңызды өзгеріс енгізілді. Парламент Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Еркін Әбіл бұл құжат Қазақстанның бюджеттік жүйесін заманауи талаптарға бейімдеп, оның тиімділігін, ашықтығын және жауапкершілік деңгейін арттыруды көздейді деген пікірде. Оның айтуынша, мемлекеттік қаржының дұрыс басқарылуы елдің экономикалық тұрақтылығына тікелей әсер ететінін көрсетеді. «AMANAT» фракциясының депутаты Еркін Аманжолұлының аталмыш бюджет жобасы жайлы әңгімесін назарларыңызға ұсынамыз.



— Еркін Аманжолұлы, жаңа Бюджет кодексіне енгізілген негізгі өзгерістер туралы не айтасыз?

— Жаңа Бюджет кодексі жобасының негізгі бағыттары жөнінде мынадай өзгерістерді атап өтуге болады: біріншіден, нәтижеге бағдарланған бюджет қағидаты енгізіледі; екіншіден, мемлекеттік қаржыны шоғырландыруды қамтамасыз ету және оны басқару; үшіншіден, бюджет процесін түбегейлі оңайлату, мерзімдер мен кезеңдерді екі есеге қысқарта отырып, бюджет процесін қайта қарау, бюджет жобасына және жылдық есепке қоса берілетін бюджеттік ақпаратты кеңейту.

Бюджет кодексінің реттеу нысанасына және бюджет жүйесінің қағидаттарына мемлекеттік қаржыны басқарудың мынадай құралдары енгізілген:

— мемлекеттік органдардың мемлекеттік қаржыны басқарудағы қызметін регламенттеу;

— бюджет, бюджеттен тыс қорлар (Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры), мемлекеттік басқару секторының борыштық міндеттемелері бойынша ақпарат

жинау арқылы мемлекеттік қаржыны шоғырландыру;

— бюджетпен өзара қатынастарда квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін регламенттеу;

— мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз ететін жана құралдарды (бюджеттік қағидалар жүйесі, бюджеттік төуекелдер, салық шығыстары туралы талдау есептері) енгізу;

— Ұлттық қор қаражатын аса қажет инфрақұрылым және жалпыхалықтық маңызды бар объектілерге ғана пайдалануға шектеу қою.

— Бюджет қаражатын оңтайлы басқару тетіктері соңғы уақытта көп талқыға түсті. Осы бағытта атқарылған жұмыстар жайына толығырақ тоқталып өтесіңіз.

— Бюджет кодексінің жобасында бюджет процесіне байланысты Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары негізінде шығыстарды жоспарлауға, нәтижелерді басқаруға, бюджеттің барлық шығысын есепке алып, шоғырландыруға мүмкіндік беретін тұтас жүйе құрылған. Халықаралық практикаға сәйкес, бюджетті жоспарлау кезінде бюджеттік құжаттарды бағалау

қорытындыларын міндетті түрде қолданылатын болады.

Республикалық бюджет жобасы және оның атқарылуы туралы жылдық есеп шеңберінде ұсынылатын құжаттама мен ақпарат тізбесін кеңейту арқылы Парламентті республикалық бюджетке жүргізіліп жатқан түзетулер туралы хабарлар ету және парламенттік бақылауды күшейту көзделген. Үкіметтің нұқсан келтіретін әрекетіне жол бермеу мақсатында Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар резервінің мөлшеріне шектеу қойылды.

Бұдан басқа, бәсекелес ортаға берілген және парафискалдык төлемдерге әкелетін функцияларды есепке алуға бағытталған бірқатар түзету қабылданды. Тиісті ақпарат Парламентке берілетін болады. Даму бюджетін жоспарлау сапасын арттыру және экономикалық қайтарымға баса назар аудару отырып, шығыстарға басымдық беру құралы ретінде депутаттар мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру бөлігінде бірқатар толықтыру қабылданды.

Өте маңызды мәселе — мемлекеттік борышты бақылау. Төуекелдер мен бюджетке

борыштық жүктемені төмендету мақсатында мемлекеттің барлық борыштық міндеттемесінің лимиттерін республикалық бюджет туралы заңда бекіту енгізіледі. Осыған байланысты мемлекеттің борыштық міндеттемелерінің статистикасы, оларды бағалау және талдау жетілдірілді. Бұл мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерін басқару саласында неғұрлым тиімді шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

— Одан бөлек, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің есептілігіне қатысты көп сын айтылған болатын. Бұл салада қандай өзгерістер бар?

— Квазимемлекеттік секторда мемлекеттік байлықтың негізгі үлесі шоғырланған. Бірақ оның қайда жұмсалып жатқаны белгісіз. Қарапайым халық түгілі депутаттардың өзі бейхабар. Бізде ұлттық компания өте көп. Өкінішке қарай, олардың өнімділігі мен тиімділігі төмен. Сондықтан бақылауды күшейту мақсатында Бюджет кодексіне жана нормалар енгізілді. Бірқатар шара арқылы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне парламенттік бақылау күшейтілді. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы қарыз алу мәселелері реттелді. Олардың қарыз алу лимиті республикалық бюджет туралы заңда бекітілетін болады. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджетке дивидендтер төлеу мәселесі реттелді.

— Ал Бюджет кірісін болжау бойынша қандай да бір шаралар қабылданды ма?

— Әрине, соңғы жылдары қалыптасқан бюджеттің тапшылығын ескере отырып, осы мәселе жұмыс тобында жеке назарға алынды. Бюджеттің кіріс бөлігінің жүйелі түрде орындалмау контекстінде Үкіметпен бірлесіп, парафискалдык төлемдер мен жеңілдіктер сияқты түсетін кірістерді қоса алғанда, бюджеттің барлық түсімін есепке алу мәселесі пысықталды. Салықтық және салықтық емес түсімдерді алып қоюға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар өз жұмысын салықтық алшақтықты қысқартуға жұмылдыруға тиіс, яғни бюджетке түсетін кірістердің толық және уақытылы жиналуын қамтамасыз етуі қажет. Бұл көрсеткіштің нәтижесі арқылы олардың жұмысы бағаланады. Сонымен қатар қо-

сымша экономика салалары бөлінісінде түсімдерді талдауды кеңейту мәселесі пысықталды.

Республикалық бюджеттің қасалық алшақтықтарын болғызбау үшін қазынашылыққа квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы уақытша бос қаражатты басқаруға мүмкіндік берілді.

Бюджет тапшылығын жабудың қосымша көздерін іздеу мақсатында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің пайда алу мақсатында бюджет қаражатын қаржы құралдарына орналастыру тек қазынашылықпен келісу арқылы ғана жүргізілетін болады. Өз кезегінде, қазынашылық шоттарындағы бюджет қаражатының қалдықтары да орналастырылады. Бұл да қосымша бюджетті толтыруға өз септігін тигізбек.

— Жоғарыда айтып өткен жергілікті бюджетті басқаруға қатысты қандай жұмыстар қамтылды?

— Жаңа кодексте бюджет қаражатын келесі қаржы жылында бюджетті түзетпестен жана жылдың алғашқы күндерінен бастап толық пайдаланудың жана тетігі көзделіп отыр. Сонымен қатар бюджет процесін цифрландыру және автоматтандыру қажеттілігін заннамалық тұрғыдан бекіту, жергілікті атқарушы орган резервінің көлемін түсімдер көлемінің кемінде 2% мөлшеріне дейін өзгерту, республикалық бюджеттен жергілікті бюджет деңгейіне салықтық түсімдер мен шығыстардың қосымша түрлерін беру арқылы фискалдык орталықсыздандыруды күшейту ұсынылды.

Мемлекеттік органдардың дербестігі мен жауапкершілігін арттыру мақсатында бюджеттік бағдарламаларды іске асырудағы басшының өкілеттіктері кеңейтіліп, оның міндеттері мен рөлі нақты белгіленді. Сондай-ақ құжаттарды жариялау аясын ұлғайту арқылы ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етуге арналған жана ережелер енгізілді, бұл басшылардың жауапкершілігін күшейтеді.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ЕРКІН

МӘСЕЛЕ

19 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

Жеңіл өнеркәсіп өз атын ақтап-ақ тұр: ол шетелдік өнімдерге жеңілді, жаппай жол берді. Бұл әзілдің түбінде зіл бар. Өнеркәсіп министрлігінің мәліметінше, осы өнеркәсіптегі отандық тауар өндірісі 2020 жылғы 142,7 млрд-тан 2023 жылы 237,4 млрд теңгеге дейін ғана артты. Оның өзінде бұған негізінен баға көтерілісі ықпал етті. Дәл осы кезеңде шетелден тасылған жеңіл өнеркәсіп тауарлары 384,9 миллиардтан 1,4 триллион теңгеге дейін, 3,5 есе ұлғайды. Оның 925,5 миллиарды – көлеңкелі айналым! Бірақ үміт оты сөнген жоқ. Саланың қайта түлеу әлеуеті зор.

болды. Жергілікті камтудың жоғары деңгейі міндеттемесімен төсек жабдыктарын жеткізу бойынша ұзақмерзімді келісімдер жасалды. Жалпы сомасы 2,6 млрд теңгені құрайтын келісімдер өндірушілердің нарықтағы позицияларын нығайтуға серпін бермек. Был Ақтөбе облысында тоқылмаған материалдар өндірісі, ал, Атырау облысында полипропиленнен қапшықтар, пленкалар өндіру секілді жаңа жобалар іске асырылып жатыр.

ӘЙЕЛДЕР ОРЫН ТАПҚАН ӨНДІРІС

Kazakh Invest ұлттық компаниясының түсіндіруінше, жеңіл өнеркәсіп кешені 20-дан астам саладан тұрады және негізгі үш топты біріктіреді. Бұлар – тоқыма-тігін, тері-былғары және аяқ киім өндірісі. Соның ішінде тігін және тоқыма салалары үлесі жөнінен басымдыққа ие.

Озық елдер жеңіл өнеркәсіпті дамытуға ерекше көңіл бөледі. Өйткені бұл сала еңбекке қабілетті халықтың, соның ішінде әйелдердің үлкен үлесін (осы өнеркәсіп салаларында жұмыс істейтіндердің 90%-ға дейінгісі әйелдер) жұмыс-

Алайда жеңіл өнеркәсіптің қаншаға төмендегенін вице-министр айтпады. Ұлттық статистика бюросы да енді «жеңіл өнеркәсіп» деген ұғымды қолдана бермейді. Сондықтан статорганның «Қазақстан Республикасының өнеркәсібі жұмысының негізгі көрсеткіштері (2024 жылғы қаңтар-қараша)» атты кеше жарияланған есебінде жеңіл өнеркәсіп көрсеткіштері жоқ, тек өңдеу өнеркәсібі жайында айтылады.

«ЖЕҢІЛ» САЛАНЫҢ ЖЕҢІЛЕ БЕРГЕНІ ЖӨН БЕ?

пен камтиды. Олай болса, жоғары әлеуметтік-экономикалық мән-маңызыға ие.

Сонымен бірге тұтыну деңгейі бойынша ол азық-түлік өнімдерінен кейінгі екінші орында тұр. Себебі адамдарға өмір сүруі үшін тамақтан соң киім-кешек, тұрмыстағы күнделікті тұтынатын өнімдер қажет. Жеңіл өнеркәсіптің негізінен әйелдерді еңбекпен камтитын сектор саналатынын сарапшылар растайды.

Содан болар, Астана мен Алматыда кейінгі кезеңде өтіп жүрген, жеңіл өнеркәсіптің болашағына арналған форумдар мен кеңестері арналығандықтан, бәсекелестік те жоғары. Тұтынушының үнемі әралуандылықпен елденіп отыруы керек. Өзге елдердің, әсіресе, Қытайдың өндірушілері бәсекелестерінен шаптыру үшін жиі демпинг жасайды, тоқтаусыз жеңілдіктер ұсынады. Мұнда мемлекеттің қолдауы қажет, — деді PwC Kazakhstan өкілі Андрей Шевченко.

Қазақтың сән жаһандық трендке айнала алатын әлеуетке ие. Өйткені онда елдің ұлттық коды тұнып тұр. Ендеше жеңіл өнеркәсіптің осы бағытын басымдықты дамытсақ, халықаралық аренадағы ұлттық брендтімізді бекітеміз, елдің экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтеміз, инвесторларға тартымды етеміз. Бұл үшін бізге дарынды дизайнерлерді даярлайтын мектептер керек. Қажет болса, оларда дәріс оқуға, тәжірибе бөлісуге этнографтарды, тіпті қазақтың салт-дәстүрін жақсы білетін әйелдерді де шақыруға болады. Сондай-ақ сән


Үкіметтің биылғы бірінші жартыжылдықты қорытындылаған есебінде ғана жеңіл өнеркәсіпке бірер абзац арналған екен. Оған сәйкес, 2024 жылдың бірінші жартысында жеңіл өнеркәсіп өнімінің көлемі 95,7 млрд теңгені құрады. Сонша мардымсыз көрінеді. Себебі онда тек киім өндірісі секторы оң динамика көрсетіп, 11,5% өсім көрсетті.

«2024 жылдың қаңтар-сәуірінде жеңіл өнеркәсіп өнімінің экспорты 67,3 млн доллар болды. Былтырғы ұқсас мерзіммен салыстырғанда экспорт 69%-ға артты. Негізгі экспорттық тауарлар арасында тоқыма өнімдері, майкалар, жейделер, сөмкелер мен қаптама пакеттер бар. Ресей, Түркия және Қытай қазақстандық осы өнімдердің негізгі өткізу нарықтары болып қала берді», — делінген есепте.

Биылғы ақпанда Үкімет жеңіл өнеркәсіп тауарларын мемлекеттік сатып алу кезінде ұлттық режимнен 2 жылға алып тастауды көздейтін қаулы қабылдады. Оған сәйкес, мемлекеттік сатып алуларда бірінші кезекте отандық жеңіл өнеркәсіп өнімі алынғау тиіс. Бұл уақытша қадам отандық өндірушілерді қолдауға бағытталған.

2029 жылға дейінгі Өңдеуші өнеркәсіпті дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Оның аясында жеңіл өнеркәсіп инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға арналған негізгі салалардың қатарына қосылды. Соған қарамастан, жеңіл өнеркәсіп жобаларының саны аз. 2024 жылдың 6 айында жеңіл өнеркәсіптің негізгі капиталына салынған инвестиция небәрі 4,2 млрд теңгені құрады. Бұл бір супермаркет желісінің бір жылда табатын табысына ғана тең.

Үкімет дерегінше, AZALA Textile ЖШС-ның құрылыс және көлік салаларындағы ірі компаниялармен ынтымақтастық орнатуы маңызды қадам



олар халықаралық сән көрсетілімдеріне белсенді қатысқаны, осы мақсатта жарқын, тіпті абсурдты коллекциялар жасағаны жөн. Онсыз жалт-жұлт, жарқ-жұрқа жалдыланған жаһандық қоғамдастықтың назарын аударма алмайды.

«Біз осы бағыттың бәрінде жұмыс істеуге тиіспіз. Және тынбай, өте көп еңбек етуіміз керек. Қазақ сәні — жеке стиль ғана емес, сондай-ақ тылсым философия, тамыры терең дәстүр екенін, оның қазіргі заманда тобырдан дараланып, көрініп қалуға деген іңкәрлік сезімін тояттандыруға жарайтынын көрсетуге тиіспіз. Оның бәрін біз кеудемізді тік ұстап, мақтанышпен әлемге паш ете аламыз!», — деді Лилия Рах. Қазақстан ойыншықтардан бастап, киім-кешек, аяқ киім, төсек-орын жабдығымен, басқасымен әлемге танылып, мол сұраныс пен тапсырыс айдынына шыға алады.

ДӘУІРЛЕГЕН ЗАМАНЫ ОРАЛА МА?

Дүниежүзіндегі жетекші консалтинг фирмасы — PricewaterhouseCoopers сарапшылары да жеңіл өнеркәсіптің әлеуеті үлкен екеніне сенімді.

— Ол әлеуетті жүзеге асыру үшін де мүмкіндік жеткілікті. Бүгінде тауарлардың 90%-ға дейінгісі маркетплейстер арқылы өтеді. Яғни, олар өндірушілерге орасан зор артықшылық ұсынады. Осы арқылы қазақстандық өнеркәсіпшілер де шетелдік нарыққа жылдам қол жеткізе алады. Бұл тез масштабталуға көмектеседі. Бірақ сауданың бұл түрі қарқынды дамығандықтан, бәсекелестік те жоғары. Тұтынушының үнемі әралуандылықпен елденіп отыруы керек. Өзге елдердің, әсіресе, Қытайдың өндірушілері бәсекелестерінен шаптыру үшін жиі демпинг жасайды, тоқтаусыз жеңілдіктер ұсынады. Мұнда мемлекеттің қолдауы қажет, — деді PwC Kazakhstan өкілі Андрей Шевченко.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі 30 жылдан астам уақыт ішінде қатты құлдырады. Мысалы, жалпы өнеркәсіп өндірісіндегі оның үлесі 1990 жылы 15,8%-ды құраса, XXI ғасырдың басында ол 2,3%-ға дейін еселеп құлдырады. Бүгінде оның үлесі 1 пайызға да жетпейтін көрінеді. Бұған бір жағынан, отандық өндірушілердің мемлекеттен жеткілікті қолдау көре алмауы, екінші жағынан, қытайлық онлайн-ритейлерінің қаптауы кесірін тигізді. КХР-дың онлайн сауда базарларының жеңілдіктері мен арзан

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі келесі жылы «Қазақстан аумағында жеңіл өнеркәсіп тауарларын таңбалау мен қадағалауды енгізу» бастамасын көтеріп отыр. Министрліктің Өнеркәсіп комитетінің бас сарапшысы Әйгерім Исабекованың түсіндіруінше, қазір келендік жүктерді ресімдеу қағидаларын бұза отырып, Қазақстан аумағына жақын және алыс шетелдерден жеңіл өнеркәсіптің контрафактілік және контрабандалық тауарлары заңсыз тәсілмен өте көп көлемде еніп жатыр.

— Оны тасушылар бюджетке міндетті төлемдерді төлеуден жалтарып, ел экономикасына залал келтіреді. Контрабанда және контрафакт тауарлардың төмен құнына байланысты олар өнімінің өзіндік құны жоғарылауды отандық өндірістің дамуына кедергі болады. Бүгінде Қазақстанда саудаланатын жеңіл өнеркәсіп тауарларының жалпы көлемінде отандық өндірістің үлесі небәрі 8%. Қалған 92%-ы — импорттық өнім. Ел аумағында жеңіл өнеркәсіп тауарларының көлеңкелі айналымының көлемі 59%-ға жетті. Тиісінше, 925,5 миллиард теңгенің тауары контрабанда немесе контрафакт, — деді сарапшы.

Ол отандық жеңіл өнеркәсіптің жете дамуына ықпал еткен факторлар қатарында ішкі нарықтың шетелдік жеңіл өнеркәсіп тауарларына шектен тыс толуын, арзанқол тауарлардың үлкен көлемінің қансыз әкелінуін атады. Сондықтан министрліктің ұстанымынша, жеңіл өнеркәсіптің әрбір тауарына таңба басылса, бұл көлеңкелі айналымның азаюына ықпал етуі мүмкін.

Жоғары аудиторлық палата ҚХР-дан әкелінетін тауарлар импортын салыстырмалы талдай келе, біраз былықты анықтады. ҚХР-дың және Қазақстанның келенділерінің статистикалары өзара қабыспайды. Салмақ жағынан да, бағасы жөнінен де айтарлықтай алшақтайды. Аудиторлар 2022 және 2023 жылдардағы сәйкессіздіктің көбін «42, 61, 62, 64 және 95-ші тауар топтары» бойынша әшке-реледі. Екі елдің келендік статистикасындағы алшақтық 9,3 миллиард долларға жеткен (5 триллион теңгеге жуық). Соның ішінде 6,7 миллиарды немесе 72%-ы осы тауар топтарына тиесілі.

Атап айтқанда, салмақ жөнінен 62-ші топ (тігін машинасымен немесе колмен тоқылған тоқымадан басқа киім заттары мен киімге керек-жарактар) бойынша алшақтық — 5,2 есе, 61-топ бойынша (киім заттары мен киімге керек-жарактар, машинамен немесе колмен тоқылған тоқыма бұйымдар) — 3,4 есе, 64-топ бойынша (аяқ киім және ұқсас бұйымдар; олардың бөлшектері) — 4,1 есе, 95-топ бойынша (ойыншықтар, ойындар және спорттық мүкәммал; олардың бөлшектері мен керек-жарактары) — 1,9 есе, 42-топ бойынша (былғарыдан жасалған бұйымдар) — 3 есе өскен. Осылай әкелінген контрабандалық және контрафакт өнімдердің жалпы салмағы 392 мың тоннаға жеткен!

Өнеркәсіп министрлігі сарапшыларының дерегінше, отандық жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің өндірісі 2020 жылғы 142 млрд 721 млн теңгеден 2023 жыл қорытындысында 237 млрд 405 млн теңгеге дейін ғана өсіпті. Бұл өсімге негізінен, қымбатшылық, инфляция, девальвация септессе керек. Осы кезеңде оның экспорты 2020 жылғы 11,6 миллиардтан былтыр 56,4 млрд теңгеге дейін артты.

Ал шетелден арбаланған жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің өндірісі 2020 жылғы 384 млрд 891 млн теңгеден 2023 жылы 1 трлн 370 млрд 710 млн теңгеге дейін ұлғайды. Соның ішінде көлеңкелі нарықтың үлесі 2020 жылғы 15%-дан 2023 жылы 59%-ға дейін жеткен! Кезіндегі шағын бұлақтан бүгінде тасқындалған дарияға айналған контрабанда легіне тәнбалау-маркировканы тосқауыл қоя алуы неғайбыл. Бірақ министрлік басқа шараларын әзірге жарияламады.

Елдос СЕНБАЙ

ЖЕТІМНІҢ ЗАРЫН ТАРТҚАН САЛА

Ауыз толтырып айтарлық жетістігі болмаған соң ба, шенеуніктер «жеңіл өнеркәсіп» деген атауды қолданудан ұялатын болыпты. Салаға жауапты Өнеркәсіп және құрылыс (бұған дейін Индустрия) министрлігінің сайтында «жеңіл өнеркәсіп» деген сөз соңғы рет 2021 жылы жазылған.

Өткен сейсенбіде ел Үкіметі 2024 жылғы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындысын шығарды. Аткарылған жұмыстарды баяндаған Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Олжас Сапарбеков те жеңіл өнеркәсіптің көрсеткіштерін жариялауға қымсынды. Оның орнына шенеунік өңдеуші өнеркәсіптің биыл 5,3% өсімге қол жеткізгенін мәлімдеді. Бірақ өңдеуші өнеркәсіп тек жеңіл өнеркәсіптен құралмайды.

— Биылғы 11 айдың қорытындысы бойынша өңдеуші өнеркәсіптің негізгі секторларында оң динамика байқалды, өсім 5,3%-ды құрады. Өсім металлургия өнеркәсібі (+7,2%), машина жасау (+6,9%), химия (+8,4%) есебінен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ дайын металл бұйымдарын өндіру 29,5%-ға, жиһаз — 12,8%-ға, қағаз өндірісі 10,2%-ға өсіп, оң динамика көрсетті. Бұл салалардың жалпы жиынтық өсімі жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары өндірісі сияқты өңдеу салалары көрсеткіштерінің төмендеуін жауып отыр, — деді Олжас Сапарбеков.

ЖАСТЫҢ ЖАНЫН ТҮСІНСЕК...

БҚО прокуратурасында заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі Батыс Қазақстан облысының Үйлестіру кеңесінің отырысы өткен болатын. Кеңес отырысында былтырғы және биылғы 9 айдағы балалар суицидін, тұрмыстық зорлық-зомбылық және қоғамдық орындардағы құқықбұзушылықтар профилактикасы бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігі талқыланды. Кеңесті БҚО прокуроры Серік Шалабаев өзі жүргізді.

А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Үйлестіру кеңесінің отырысына БҚО әкімінің орынбасары Қайыржан Мендіғалиев, БҚО ПД басшылық құрамы, облыстық ТЖД басшылығы және әдістемелік кабинеттердің жетекшілері қатысты.

Алдымен БҚО прокурорының бірінші орынбасары Дәурен Умарғалиев облыстағы балалар арасындағы қылмыстың жай-күйі туралы баяндады. Облыс прокурорының бірінші орынбасары балаларға қарсы қылмыс пен отбасындағы қылмыстардың саны үш есеге өскенін атап өтті. Ал балалар арасындағы суицид 80%-ға артқан.

— Мұның бірінші себебі, мектептердегі психологтердің жұмысы әлсіз ұйымдастырылады. Олар көбіне қағаз жүзінде жұмыс істейді. Екінші себебі, балалар арасындағы суицид қатысты қылмыстық істерді полиция сапасыз тергеді. Сот сараптамасы жасалмай жатып қылмыстық істерді қысқартып тастайды. Осының салдарынан суицидтің себебі анықталмайды, — деп атап өтті БҚО прокурорының бірінші орынбасары Дәурен Умарғалиев.

Балалардың бесіктен бөлі шықпай жатып өмірден баз кешуіне не себеп? Мәселен, 2024 жылдың 9 айында 9 жасөспірім мына өмірмен қош айтысқан. Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсау фактілері неге өсті? БҚО прокурорының бірінші орынбасары Дәурен Умарғалиев мұның себебін мектептердегі психологтер жұмысының әлсіздігімен немесе мамандардың тәжірибесіздігімен байланыстырады. Оның айтуынша, көп мектептегі психологтер жұмысты дұрыс жүргізбей отыр.

Балалар арасындағы суицидтің статистикасы мынадай: 2020 жылы — жеті бала, 2021 жылы — тоғыз бала, 2022 жылы — екі бала, 2023 жылы — бес бала, ал 2024 жылдың 9 айында тоғыз бала өзіне-өзі қол жұмсаған.

— Біздің тапсырмамызбен психологиялық қолдау орталығы өз-өзіне қол жұмсау себептерін талдау жасады. Осы талдау нәтижесіне сүйенсек, балалар бірінші кезекте ата-аналарымен жанжалдан, отбасындағы қақтығыстан кейін өзіне-өзі қол жұмсайды. Одан кейін, әрине, әсер ететін ортасы, достары болады. Бұл жерде балалардың психикасын сақтау және нығайту міндеті жүктелген мектеп психологтері маңызды рөл атқарады. Алайда олардың жұмысы жасөспірімдер арасындағы жағымсыз үрдісті азайтуға көмектеспей отыр. Психологтердің жұмысы сырттай білім алған, 18%-ы — 3 жылға дейін тәжірибесі бар жас мамандар. Төмен жақынағы байланысты кадрлардың жиі ауысуы байқалады, сапалы психологиялық қолдау көрсету үшін кей мектептерде қажетті жағдайлар жасалмаған, — деді Д. Умарғалиев.

БҚО прокуратурасы облыстағы барлық мектепке тексеріс жүргізген. Сол тексеріс нәтижесі бойынша психологтердің тек формальды жұмыс істейтіні анықталыпты.

— Мысалы, Бөйтерек ауданындағы мектептердің бірінші психологі 57 оқушыны тәуекел тобына енгізген. Алайда балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс жүргізілмеген. Дарьян кешкі мектебінің



штатында психолог мүлдем көзделмеген. Оқу-ағарту министрінің бұйрығы бойынша білім беру ұйымының штатында психологтің болуы міндетті, — деді өз сөзінде Д. Умарғалиев.

Прокурордың айтуынша, суицидпен күресте полиция да жұмысты дұрыс ұйымдастырмай отыр. Тіпті, балалардың өзіне қол жұмсау фактілері дұрыс тергелмейді.

— Балалар суицидіне байланысты қылмыстық істерді тергеу сапасыз жүргізіледі. Биыл мұндай 9 қылмыстық істің тек екеуі бойынша сараптамалар тағайындалған. Соның салдарынан олар бойынша шешімдер оқиғаның барлық мән-жайы анықталмастан, мерзімінен бұрын қабылданады. Нәтижесінде, тергеудің толық болмауына және балалардың мұндай шарасыз қадамға бару себептерінің анықталмауына байланысты білім тәжірибесі жоқ мамандар бұздық. Енді баланың өз-өзіне қол жұмсағаны туралы хабарламалар бойынша тергеудің сапасы мен уақыттылығын қамтамасыз ету үшін прокурор оқиға орнына барып, мұндай істерді арнайы бақылауға алады, — деп атап өтті БҚО прокурорының бірінші орынбасары.

Прокуратура өкілдері тиісті органдар балалар арасында суицидтік мінез-құлқ тудыратын контентке талдау жасау үшін әлеуметтік желілер мен интернет платформаларға тұрақты түрде мониторинг жүргізуді міндетті. БҚО прокуратурасы биыл суицидтік бағыттағы 20-дан астам арнаны одан әрі бұғаттау үшін «Кибернадзор» жүйесіне енгізген.

Біз БҚО Білім басқармасы басшысының орынбасары Бисенбек Насимұллиннің хабарласып, қазіргі мектептердегі психологтердің білім-біліктілігі туралы сұрадық. Батыс Қазақстан облысының орта білім беру ұйымдарында 426 педагог-психолог қызмет атқарады екен. Былай қарасаныз, аз емес.

— Жасөспірімдерді теріс әдеттерден, өз өміріне қауіп төндіруден қорғау — бұл кешенді жұмыс, оған бірнеше маман қатысады. «Тәуекел» тобына бейім оқушылар мен студенттерді оқу орнында мобильдік топ құрылып, сынып жетекшілері, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, жасөспірімдердің психологиялық жағдайын зерттеп, қажет болған жағдайда тұрмыстық жағдайын тексеру, көмекке толмағандардың ісі жөніндегі

инспекторлардың қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын алу, әлеуметтік-психологиялық жағдайын анықтау мақсатында мекенжайы бойынша рейд ұйымдастырып, психологиялық жағдайы зерделеніп, ата-аналары және оқушымен кеңес жұмыстары жүргізіледі. Біздің психологтер жағдайы қиын, депрессияға жүрген балалармен жеке жұмыс істейді. Олармен оңаша сөйлесіп, үйіне дейін баратын кездері болады. Бұл жерде бір нәрсені ескеру керек. Бала — өзі тез ашыла қоймайтын құбылыс. Алдымен баланы сенімі маңызды, — деп атап өтті БҚО Білім басқармасы басшысының орынбасары Бисенбек Насимұллин.

Мамандардың айтуынша, мектепте басымды қиындығы бар балалар жақын досына немесе сынып жетекшісіне ашылып айтатын жағдайлар болады. Бірақ өте сирек. Бала психикасы нәзік болғандықтан, мектептегі жұмыстар көбіне ойын, тест түрінде өтеді. Осылайша, бала бойындағы кейбір эмоциялық қиындықтарды ағытуға тырысады екен.

— Бұл жерде профилактикалық жұмыс керек, бала бойындағы өзгерістерді ерте анықтау, түсіндіру жұмыстары, атап айтсақ, жасөспірімдерге нашакорлықтың, өз-өзіне қол жұмсаудың және басқа да зиянды әрекеттердің салдарын түсіндіру, қолдау, ата-ананың келісімімен психиатр мамандарға көмекке жүгіну маңызды. Бұл жұмысты тиімді атқару үшін барлық тараптың — мұғалімдер, психологтер, ата-аналар және қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарының үйлесімді іс-әрекеті қажет, — дейді Білім басқармасы басшысының орынбасары.

Өрімдей балалардың өмірден күдер үзуді психологтер ата-ана қамқорлығын жетіспеуі, депрессия, мектептегі әлімжеттік пен кемсіту түрткі болады дейді. Өйткені көмекке толмаған оқушылардың көпшілігі жәбірлеуге ұшырайтын көрінеді. Тіпті, қатарластарының қағытпасын да көңілге алып, өзіне қол салу да ықтимал.

Қорыта айтқанда, баланы жаман әдеттен, өмірден түнілуден қорғаудың жалғыз жолы — қоғамға қосу. Телефонға телміріп, оңаша қалған бала тұйықтала береді. Ал мектеп, психологтер, үйдегі ата-ана, бәрі жан-жақтан қауапалап, қажетті қамқорлық пен тәрбиені беріп отырса, бұл жаман әдетті жоюға бірталам жақындауға болар ма еді?!



ОТЫРАРЛЫҚТАР ЛЕЙШМАНИОЗДЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАДЫ?

Түркістан облысына қарасты Отырар ауданы тұрғындары лейшманиоз жарасы мазалап келе жатқанына 50 жылға жуықтап қалыпты. Алғаш рет сонау 1980 жылы тіркелген ойық жара араға жылдар салып арагидік көбейіп тұрады. Бесіктегі баладан еңкейген қарияға дейін денесінің әр жерін жара басып, соңында ізін қалдыратын ойық жараның соңғы рет қатты белең алған кезі 2016 жыл болды. Одан бері ара-тұра көрініп жүрген бұл жұқпалы дерт биыл таралуы жиілеп, отырарлықтардың мазасын алып отыр.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Естеріңізде болса, әлеуметтік желіде уран өндіруші компания жұмысшыларының бірі күкірт қышқылы мен далаға төгіп, қоршаған ортаны ластап жатқаны жөнінде видео таралған болатын. Бүгінде тұрғындардың көпшілігі жараның таралуы осынау химикаттың салдарынан көбейді деген болжам айтып жүр. «Бұл жараның ешқандай емі жоқ. Біз халық оны төгіліп жатқан ураннан көреміз. Қышқылдан жұғуы мүмкін», — деп дабыл қакты ауыл тұрғындары.

Алайда ғылыми деректерде бұл «тері лейшманиозы қоздырғышы туғызатын, трансмиттивті жолмен тарайтын, тері қабаттарында лейшманиомалар шығуымен сипатталатын табиғи ошақты инфекция» деп айтылған. Тері лейшманиозының 80-ге жуық синонимі бар екен. Адамды кішкене құм масасы шаққан кезде инфекция тарайды. Аурудың кейбір түрлері ағзаның ішіне зақым келтіреді. Бұл тері аурулары негізінен Таяу Шығыс пен Оңтүстік Мексикада, Орталық Африкада ұшырасады екен.

Демек, ғылыми деректе мұны трансмиттивті жолмен тарайтын инфекциялық тері ауруы дейді. Сондай-ақ бұл дерт туралы Созақ аудандық орталық ауруханасы жұқпалы аурулар бөлімінің меңгерушісі Меруерт Танатарова лейшманиоз қан созынын індестер арқылы тарайтын зоонозды тропикалық паразиттік инфекциялық ауру екенін айтады. Инфекцияның көзі — құм тышқандары мен атжалмандар, ал оны таратушылар — індестер. Лейшманиоз ауруы адамнан адамға жұқпайды. Індестер дененің көбіне ашық жерін зақымдайтындықтан, балалардың бетінде, қолында 1-3 папула шыға бастайды. Дене қызуы күрт жоғарылап, 38-39 С-қа дейін көтеріледі, интоксикация белгілері үдейді, бауыры мен көк бауыры үлкейеді. Көбіне қосымша аурулар қосылып, жағдайды нашарлатады. Жасөспірімдер мен ересектерде клиникалық белгілері біртіндеп көрініп, дене қызуы баяу көтеріліп, анемия белгілері байқалады.

Мамандар қанша жерден дерттің таралу жолына болжам айтқанымен, отырарлық тұрғындар түрлі нұсқаның айтуды тоқтата алмас. Жұырда Түркістан облыстық мәслихатына Отырар

ауданынан сайланған депутат Мырзахан Манапов «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалында өткен брифингте осынау дерттің қайдан келіп жатқанына нүкте қойғандай болды.

Брифингте лейшманиоздың қайдан пайда болғаны және оның емі туралы тұрғындар түрлі нұсқа айтып жүргені сөз болды, бұған қатысты мандат иесі былай деп жауап берді. Депутаттың айтуынша, лейшманиозға уранның еш қатысы жоқ.

«Сырдарияның арғы бетінде 12 елді мекен бар. Онда 12 мыңнан аса халық тұрады. Ал осынау жараны жұқтырғандар — көбіне сондағы тұрғындар. Жақында облыстық тері аурулары диспансерінен арнайы бір топ маман барып, сондағы тұрғындардың барлығын зертханалық тексеру жұмыстарын жүргізді. Тексеру нәтижесімен 118 адамның лейшманиозға белгілері бар екенін анықтап, нақтыланған 18 жанды ауруханаға жатқызды», — деп атап өткен Мырзахан Бексұлтанұлы сол уақыттары әріптестерімен бірге медицина мамандарының жанында болғанын жеткізді.

Бүгінде сәбилерді де мазалап жатқан шұңқыр жара сары тышқаннан жұққан екен. Ал тышқанға бұл індет шіркейден келген. Осы тұста айта кетейік, отырарлықтардың тағы бір өзекті мәселесі — шіркей. Күн жылынғаннан аудан тұрғындары шіркеймен арпалысады. Елді мекендерді басып қалатын қара шіркейдің салдарынан тұрғындар біраз уақыт бойы бетін тұмшалап, торлап алатын болған. Ғалымдар сол шіркейдің құмды жерде жүретін тышқанға жұқтырып, тышқан арқылы лейшманиоз адамға келетінін айтқан. Осылай деген мандат иесіне журналистер «шіркей онтүстіктің өзге аудандарында да бар, ал лейшманиоз неге жалғыз Отырарда?» деген сынды сауалдарды да жолдады. Аталған 12 елді мекен құмды ауыл, ал әлгі тышқан құмды жерлерде жүреді екен.

«Лейшманиозбен біздің ата-аналарымыз 30-40 жыл бұрын алысып жүретінін білетінбіз. Бұл дерттің отырарлықтарды айналдырған тұрғындарына де осыныша жылдай болып қалды. Тышқанды дәрілеу жұмыстары күшейгенде саябырсып қалады. Қазір өршіп бара жатыр. Мұны тек тышқандарды дәрілеп, залалсыздандыру арқылы ауыздықтай аламыз», — деді Мырзахан Манапов.

ЛИЗИНГ – АГРОСАЛАНЫҢ ТЫНЫСЫН АШҚАН ТЕТІК

Естеріңізде болса, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2021 жылы «ҚазАгроКаржы» АҚ «Бөйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының құрамына кірген болатын. Осы ретте компаниялардың басшылығын әңгімеге тартудың сәті түскен еді. «Бөйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры Нияз Көшкімбаев Президенттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу міндеті қалай орындалып жатқанын айтып берді.

— Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу мәселесі — холдингінің маңызды стратегиялық басымдықтарының бірі. Мемлекеттің ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолдау міндеттерін филиал желісі кең әрі лизинг бойынша орындайтындығын біз білеміз. «ҚазАгроКаржы» іске асырады. 2023 жылы холдингінің салалық даму институттарының ауыл шаруашылығын қаржыландыру үлесі 63% болды. Қазақстан Үкіметінің қолдауымен компания жоғары деңгейге жетті. 2024 жылы «ҚазАгроКаржы» лизинг тарихында болмаған мөлшермен, яғни 5%-бен жеңілдетілген лизинг бағдарламасын іске қосты, — дейді ол.

Тағы бір маңызды тұс, «ҚазАгроКаржы» желісі бойынша биыл жеңілдетілген ли-

зингке рекордтық 120 млрд теңге бөлінген (!). Бұл көрсеткіштер 2023 жылы — 45 млрд, 2022 жылы 40 млрд болған. Бүгінде 3,9 мың техникаға 108,8 млрд теңге сомасына шарттар жасалыпты. Басқарушы директордан соңғы жылдары ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу нарығы қалай өзгергенін сұраған едік.

— Ауыл шаруашылығы — бұл өте тәуекелді бизнес. Ондағы ұзақ өндірістік циклдер коммерциялық банктер үшін өте қолайсыз. Бұл тұста фермерлер үшін өте тиімді құрал — лизинг. Оның шарттары анағұрлым ыңғайлы. Мысалы, кепілдік қажет емес, өйткені лизинг нысанасы кепілдік болады, қарызды өтеу кестесін жасағанда маусымдылық өскеріледі, яғни негізгі қарыз жылына бір рет, егін жинағаннан кейін төленеді. Қаржыландыру мерзімі ұзақ, өйткені ауыл шаруашылығындағы бизнестің өндірістік циклы ұзақ. Салықтық жеңілдіктер бар, — деді ол.

1,4 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕ ҚАРЖЫ ҚҰЙЫЛДЫ

Қазақстанда лизинг қызметінің нарығы 2000 жылдары, «ҚазАгроКаржы» компаниясы құрылған сәттен бастап дами

бастады. Сол жылдары елімізде бар-жоғы 5 лизинг компаниясы жұмыс істесе, қазір олардың саны 66-ға жетті. Осы ретте «ҚазАгроКаржы» АҚ басқарушы төрағасы Айдар Прашевтен өз басқаратын ұйымның 25 жылда жүріп өткен жолына қандай баға беретінін сұраған едік.

— Қазір компания ұсынатын лизинг шарттары барынша қолайлы. Осы уақыт ішінде 1,4 триллион теңге сомасына 86 мың бірліктен астам техника қаржыландырылып, лизингке берілді.

Бұған дейін ҚазАгроКаржы, 2006-2017 жылдар аралығында инвестициялық жобаларды қаржыландырумен де айналысқан болатын. Біздің ең алғашқы жобаларымыз, қазір сіздер дүкен сөрелерінен күнде көріп жүрген «Зенченко» және «Родина» брендпен танымал сүт фермаларының өнімдері. Сондай-ақ Қазақстанның онтүстігінде ірі жылыжайлар орнату жобалары да болды. Біздің компания инвестициялаған көптеген ірі компания — «Айс», «Садчиковское» сүт өнімдері, «Ордабасы құс» құркетауықтары, «Қазгер Құс» жұмыртқалары, TERRA MEAT ет өнімі, Saumal брендімен құрғақ бие сүті. 2017 жылдан бастап компания агробизнес паркін техникалық жарактандырумен айналысып келеді. Бүгінде компанияның қызметі тек ауыл шаруашылығы техникасы лизингімен ғана байланысты, — дейді ол.

Компания басшысы осы жылғы негізгі жетістіктерін де атап өтті. Мәселен, 2024 жылдың басынан 10 мың бірліктен астам техника сатып алуға 216 млрд теңгеден асатын сомаға шарттар жасалған екен. Ең маңыздысы, қаржыландырылған техниканың 73% пайызы Қазақстанда жасалған машиналар, яғни 168,6 млрд теңге сомаға 7 372 бірлік техника алынған.

— Лизингтің жалпы көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 31% пайызға өсті. Бұл көрсеткішке Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша компания іске қосқан лизингтің жеңілдетілген бағдарламаларының арқасында қол жеткіздік. 2024 жылы қаржыландырылған клиенттер саны екі есеге өсті. Олар — 4 942 тауар өндіруші, яғни өткен жылдармен салыстырғанда 42%-ға артық.

«ҚазАгроКаржы»-ның осы жетістіктері — біріншіден, ұжымның еңбегі. Осы жылдар ішінде біз көп нәрсені үйрендік, команда ретінде өстік. Әрине, ең бастысы — ол біздің клиенттер, олар бізге сенім артады, жаңа технологияларды сатып алады, өндіріске инвестиция жасайды. Агробизнес жұмысы үшін тұрақты база құру өте маңызды, ал агробизнесінің нығаюы, ол ел экономикасының нығаюы, — дейді «ҚазАгроКаржы» АҚ басқарушы төрағасы Айдар Прашев.



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Биыл желтоқсан айында «ҚазАгроКаржы» акционерлік қоғамының құрылғанына 25 жыл толып отыр. Ауыл шаруашылығы саласына жаңа леп боп қосылған лизинг механизмін жүзеге асыратын компанияның осынау мерейлі белесі елімізде аталмыш қаржы құралының іске қосылғанына да ширек ғасыр толғанын білдірсе керек. Ендіше қаржы ұйымының қалыптасу, даму жолындағы белестерінің ішінде биылғы жылдың да алар орны ерекше.

А Нұрлан ҚОСАЙ

25 ЖЫЛ ЖӘНЕ 5 ПАЙЫЗ

2024 жыл тек «ҚазАгроКаржы» ұйымы үшін ғана емес, еліміздің бүкіл агроөнеркәсіптік кешені үшін де маңызды болды дегуе болады. Өйткені компания төмен пайызбен жылдық 5% жеңілдікті лизинг бағдарламасын іске қосты. Бұрын-соңды мұндай мөлшерлеме ауыл шаруашылығы саласында болған емес.

19 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

САНАЛЫ ҚОҒАМ ҚЫЗДЫ ҚОРҒАЙДЫ



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау ісіне басымдық бере отырып, биыл жылдың басында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жазаны күшейтетін екі заңға қол қойды. Сарапшы мамандар заңға енгізілген нормалар мен бірқатар түзету әйелдер мен балаларға қатысты кез келген сипаттағы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатандырады, отбасы институтын, көмектестік қолдау қызметін нығайтады және отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі байланыс орталығы қызметінің құқықтық негіздерін арттырады дейді. Мемлекеттің зорлық-зомбылыққа қатысты ұстанымдарын жүзеге асыруда «Жаңа» отбасы институтын қолдау орталығы сияқты ұйымдардың жұмыс істегені маңызды. Бұл орталық денсаулық сақтау және еңбек, әлеуметтік қорғау, көші-кон мәселелері бойынша кеңес беру, тұрғын үй мәселелерін шешуге көмек көрсету,

ны басталғанын хабарлаған болатын.

Назгүл Макажанның айтуынша, науданның негізгі мақсаты — тұрмыстық зорлық-зомбылық пен адам саудасының алдын алу және онымен күресу.

— Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның нәтижелі жұмысы оның құрамына тікелей байланысты. Комиссия құрамында 32 адам бар және үш жұмыс тобы құрылған. Яғни, әйел көшбасшылығы, қиын өмірлік жағдайдағы әйелдер, отбасылық құндылықтар бағытында жұмыс жүргізіледі. Көпбалалы отбасыларға, қиын жағдайда қалған әйелдерге қолдау көрсетіп келе жатқан комиссия 2024 жылы 80-нен астам іс-шара өткізді, — деді ол.

Сондай-ақ Назгүл Сейітқожақызының мәліметінше, елорда тұрғындарының жалпы 52,4 пайызын әйелдер құрайды. 2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Астана тұрғындарының саны 1 464 415 адам болса, оның 768 181-і — әйелдер. Сондықтан Астанада «Гендерлік

тәсілдерін, зардап шеккендерге қолдау көрсетумен қатар отбасы құндылықтарын нығайту, жеке адамның құқығы мәселелерін талқылады. Сонымен қатар қоғамда болып жатқан түрлі заңсыздыққа жол бермеу үшін ең алдымен адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, отбасы институтының артықшылықтарын түсіндіру, дәстүрлі және отбасылық құндылықтарды нығайту, әлеуметтік көмек, құқықтық нормалар туралы сауатты орта қалыптастырудың қажеттіліктері қандай деген нақты мәселелер қаралды.

Төрт жылдан бері «бір терезе» принципіне негізделіп, қала тұрғындарының (көпбалалы, толық емес, аз қамтылған, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және т.б.) және азаматтардың жекелеген санаттарына кешенді консультациялық қызметтер көрсетіп келе жатқан «Жаңа» орталығы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі шараларды ұйымдастырып, әлеуметтік көмек пен құқықтық сауатты тәртіпін арттыру мақсатында қаладағы барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес дәстүрлі және отбасылық құндылықтарды насихаттайтын, құқық нормалар мен бостандықтарын түсіндіру бойынша қызмет көрсететін барлық дерлік ұйымдармен бірлесіп жұмыс атқарып отыр. Сонымен қатар кез келген анықтамалық қызметті алу барысында орталықтың әлеуметтік қызметкерлері қызмет алушылардың сұрақтарына жауап беріп қана қоймай, нақты кеңестер береді, құжаттарды толтырады және өтініштер қанағаттандырылғанға дейін оларды сүйемелдейді.

Мәселен, «Жаңа» ұжымы «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» жаһандық науқанына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша семинар-тренинг ұйымдастыра отырып, қатысушыларға құқықтық, моральдық тұрғыда ақыл-кеңес, бағытбағдар беруді мақсат тұтады.

«Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы Марат Көшкінбаевтың айтуынша, әкелер одағы зорлық-зомбылыққа қарсы және бұл қазықтын тәрбиесі мен құндылығына жат.

— Қазақ халқы қыз балаға төрден орын беріп, қонақ деп мәпелеп өсірген. Саналы қоғам қызды қорғайды, қолдайды. Сол сияқты саналы әке де өзінің жары мен отбасына, балаларына күшін-мінезін көрсетпейді, қорламайды. Мысалы, «Әкелер одағы» екі бағытта жұмыс істейді. Бірінші, әкелердің отбасындағы тәрбиеге жауапкершілігін арттыру. Қазір әкелердің көбі табыс тапса, отбасын асырасам деген желеумен отбасындағы бала тәрбиесінен қол үзіп кетті. Сондықтан әкелердің балаға және отбасына деген жауапкершілігі мен жанашырлығын ояту мақсатында жұмыстар атқарып жатырмыз. Екінші, отбасындағы ұрыс-керістің азаюына әсер еткізіп келеді. Отбасындағы кез келген зорлық-зомбылық ерлі-зайып-

тылар арасындағы сәл ғана келіспеушіліктен туындайды. Ал арадағы кикілжің жинала-жинала түсініспеушілікке ұласып, сыйластыққа кірбін түсіреді. Уақыт өте мұның бәрі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа соқтырады. Отбасындағы айғай-шу, ұрыс-керіс баланың да психологиясына әсер етеді. Шаңырақтың берекесін кетіріп, шырқын бұзады, — деді Марат Көшкінбаев.

Астана қаласы бойынша адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі Баян Жалмағанбетова еліміздегі әрбір әйелдің құқықтары мен қауіпсіздігі қоғамның көрсеткіші екеніне және өкінішке қарай қазір көптеген әйел зорлық-зомбылық құрбаны болып отырғанына тоқталды.

— «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні» науқаны аясында алдымен қазір заңға сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге мемлекет тарапынан көптеген түрлі мақсаттағы көмек көрсетілетінін және жәбірленуші тараптың қатаң жазаланатынын айтқым келеді. Кез келген адам заң талаптарына сай әрекет етуді, өзінің құқықтары мен бостандықтары туралы білуі керек. Заң аясында қоғамның құқықтық сауаты мен қауіпсіздігі мәселелері туралы үнемі айтып отырған жөн. Бүгінгідей кездесулер зорлық-зомбылықтың алдын алуға үлкен рөл атқарады. Әрбір әйел және әрбір бала біздің болашағымыз. Оларды қорғауға, қолдауға тиіспіз, — деді Баян Жалмағанбетова.

80-ГЕ ЖУЫҚ ӘЙЕЛ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН КӨЗ ЖҰМАДЫ

Жоғарыда айтқанымыздай, «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні» акциясы — халықаралық науқа. Сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық әлемдегі барлық елге дерлік тән өзбырлықтың бірегей көрінісі. Сондықтан онымен күрес дүниежүзінің кез келген елінде түрлі деңгейде әрекет етеді. Астана қалалық ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның және Ішкі істер министрлігі Қоғамдық кеңесінің мүшесі Баян Тойкебаеваның айтуынша, елімізде жылына 80-ге жуық әйел, аптасына 1-2 әйел зорлық-зомбылық салдарынан көз жұматын болса, дүниежүзінде күніне кем дегенде бір әйел зорлық-зомбылық құрбаны болады.



— Біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты — тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу. Өздеріңіз де білесіздер, ер адамдар психологке бара қоймайды. Сондықтан біз, алдымен ер адамдарды да қолдай отырып, құқықтық кеңес бере отырып, қолдан келгенше жаңа мамандыққа үйрете отырып, жұмысқа орналастыру бойынша жұмыстар атқарып жатырмыз. Алкоголизм, лудомания, нашакорлық қармағына түсіп қалған адамдарға ем-шара жасау арқылы қол ұшын беріп отырмыз. Біздің комиссия жылына 100-ден астам іс-шара ұйымдастырады. Мерейлі отбасы, «супер әже» сияқты іс-шаралар ұйымдастырып, мектептерге де кездесулерге барамыз. Зорлық-зомбылық мәселесі бойынша ғана емес, қиын жағдайға тап болған отбасыларға да көмектесеміз.

Бүгінгі күні Астанада 400-ден астам қиын жағдайдағы отбасылар бар, сол отбасыларға көбіне «Жаңа» орталығымен бірлесіп және өзіміздің тарапымыздан жұмыс істейміз. Биыл 47-ден астам отбасына көмек көрсеттік. Қандай да бір мәселе туындап жатса, біздің қалалық комиссияға хабарласуларыңызға болады. Астанада «Үміт» және «Қорғау» әлеуметтік-психологиялық қолдау орталығы бар. Биыл бұл орталықтарға 460-қа жуық адам көмек сұрап келді. Меніңше, бұл статистика өте жоғары көрсеткіш деп ойлаймын. Қазақстан ажырасудан, суицид жасаудан әлем елдері арасында екінші орында екені әрбірімізді ойландыруы керек. Елімізде зорлық-зомбылықсыз, құқықтық, азаматтық қоғам орнатқымыз келсе, бірлесіп

оқып-үйренуіміз, жаманнан жиренуіміз керек, — деді Баян Тойкебаева.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты жою мәселелері бүгінде мемлекеттік деңгейде қаралып, Президент пәрменімен заң қабылданып жатқаны да тегіннен-тегін емес. «Бірлес көтерген жүк жеңіл» демекші, жиын барысында Астана қаласы Есіл аудандық Полиция басқармасы Әйелдерлі зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің инспекторы, полиция капитаны Жанар Молдабаева соңғы 3 жылда отбасылық тұрмыстық қылмыс деңгейі артып келе жатқанын және онымен бірлесіп күресудің өзектілігі туралы сөз қозғады.

Оның айтуынша, 2023 жылғы шілде айына дейін зорлық-зомбылық болған жағдайда егер жәбірленушіден арыз түспейінше, жәбірленуші ешқандай әкімшілік жауапкершілікке тартылмайтын болса, қазір көрсетілген немесе таныс адамдардың шағымы немесе айтуы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартуға болады.

— Биыл бізге хабарласқан 50-ден астам әйел және 100-ден аса балаға көмек көрсетілді. Заңға сәйкес, қазір ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру сияқты баптар қылмыстық жауапкершілікке жатқызылды. Яғни, заң бойынша мұндай қылмыс жасаған адамдарға жаза түрі қатандатылып, қоғамдық жұмысқа жегу, бас бостандығын шектеу сияқты жауапкершілікке тарту сияқты шаралар қолданылады. Жыл басынан бері біздің бөлімшеге, 102 нөміріне отбасылық жанжал туралы 8000-нан астам шағым түсті. Мұндай жағдайда сот арқылы айыппұл салу, қамау немесе татуластыру секілді ескерту жасалады, — деді Жанар Молдабаева.

Ал көпбалалы отбасыларды қолдауды, қорғауды және көмектесуді өздеріне парыз санайтын «Адал жүрек» әлеуметтік қоғамдық қорының жетекшісі Айдын Ізбасар жоба аясында ұлттық руханият пен құндылықтар негізінде жұмыс атқарып жатқандарын айтты.

— Қала сыртына көпбалалы отбасы балаларына арнап лагерьлер ұйымдастыруды қолға алып жатырмыз. Қазақ «Бала берсең, сана бер» дейді. Сондықтан ұрпақты саналай, еңбекқор қылып тәрбиелеуге көбірек мән берген дұрыс деп ойлаймын. Адамгершілік, жауапкершілік, сауатты, саналы, табанды болу сияқты асыл қасиеттерді әр баланың бойына ұялата алсақ, ол бала өзінің тағдырын өзі бақытты ете алады. Осы орайда біздің басты мақсатымыз — отбасы институтының жұмыс істеуіне

Қазақ халқы қыз балаға төрден орын беріп, қонақ деп мәпелеп өсірген. Саналы қоғам қызды қорғайды, қолдайды. Сол сияқты саналы әке де өзінің жары мен отбасына, балаларына күшін-мінезін көрсетпейді, қорламайды.

мұқтаж аналарға оқыту курстарын өткізу, мүгедек балаларға тегін массаж қызметтерін көрсету және аз қамтылған отбасылармен тұрақты түрде қарым-қатынас жасау мәселелерін қамтиды.

Қазақстан халқымыздың ұлттық отбасы институты құндылықтарын сақтай отырып, зорлық-зомбылыққа қарсы жаһандық және халықаралық ұйымдардың ортақ нормаларын қолдайды. Мәселен, жыл сайын әлем елдері «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет» халықаралық науқанын біздің елімізде де жалғасын тауып, түрлі мекемеде зорлық-зомбылыққа қарсы іс-шаралар легі ұйымдастырылып жатыр. Мәселен, 26 қарашада Астана қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Макажан қалада «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні» науқа-

зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет» халықаралық науқаны аясында көптеген түрлі іс-шара ұйымдастырылды.

«ЖАҢУЯДА» ОТБАСЫНЫҢ ЖЫЛУЫ БАР

Халықаралық науқанға Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жаңа» отбасы институты да қосылды. Орталықта «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» жаһандық науқанына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша семинар-тренинг өтті.

Шараға Астана қаласындағы «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі филиалының мүшесі, Астана қаласы бойынша Адам құқықтары жөніндегі өкілі, ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, Астана қаласы Есіл аудандық Полиция басқармасының Әйелдерлі зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің инспекторы және «Адал жүрек» әлеуметтік жобасының жетекшісі, сондай-ақ қала тұрғындары қатысты. Семинар-тренингтің негізгі мақсаты — тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Жиынға қатысушылар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу





ҚАЛАДАН ҚОС АУДАН АШЫЛАДЫ: ҮМІТ пен ҮРЕЙ

Бүгінде Тараз қаласының көкжиегі кеңейіп, тұрғындарының саны жыл санап артып келеді. Қазір қалалықтар 434 мың тұрғынға жетті. Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы заңына сәйкес, мұндай жағдайда шаһардан аудандар құрылуы керек. Осыған орай жыл басында қаланың дамуының жаңа Бас жоспары әзірленіп, екі аудан құру қолға алынған болатын. Міне, осы бастама жыл соңында жоспарлы межесіне жеткендей. Алайда қалаға қосылатын аудан тұрғындарын қандай мәселелер мазалауда?

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жалпы, Бас жоспарға сәйкес, Тараз қаласына Жамбыл мен Байзақ аудандарынан 12,9 мың гектарды құрайтын, 45 701 халқы бар 14 елді мекен мен 2 саяжай қосылады деп көзделген. Нәтижесінде, тараздықтардың саны 479 мың тұрғыннан асады деп күтілуде. Әрине, бұл жергілікті басқаруды онтайлы еткенімен, ауыл халқының шешілмей жүрген мәселелерін қос бүйірге акеп тіреуде. Осы ретте ауыл тұрғындарын не алаңдататынына құлақ түрген едік.

Байзақ ауданына қарасты Қызылжұлдыз ауылында жол мәселесі жаңа батып тұр. Сондай-ақ тұрғындардың айтуынша, көше жарықтандыру мен мәдениет үйі жаңғыртуы қажет етеді екен. Нақтырақ айтсақ, 3 көше бұрылысына орташа жөндеу, 16 көшеге жарық шамдарын орнату және ауылдық клуб ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу кезек күттірмейтін мәселе болып тұр. Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков аталған түйткілдер шаһар басшылығының жіті назарында тұрғанын айтады.

— Жасыратыны жоқ, облыс орталығына кіретін ауылдарда түйткіл көп. Оларды шешу бағытында алдын ала жоспар әзірленіп, зерделеу жұмыстары жүргізілуде. Елді мекендер қалаға қосылғаннан кейін ең бірінші инфрақұрылым мәселесі күн тәртібіне көтерілетінін түсініп отырмыз. Сол себепті ең алдымен ауылдардағы жолдардың жағдайын жақсарту, қоғамдық көлік санын көбейту, әлеуметтік нысандарды жаңғырту, спорт алаңшаларын салу сынды жұмыстарды қолға алмақпыз, — дейді қала әкімі.

Шаһар шекарасына шегенделетін елді мекеннің тағы бірі — Талас ауылы. Мұнда да жол жөндеу, қоғамдық көлік, ауызу құбырын тарту, ауылдық клуб ғимаратын жаңғырту, көшелерді жарықтандыру және шағын футбол алаңшаларын салу өзекті мәселе болуда.

Ал Жамбыл ауданына қарасты Бектөбе және Қызылшарық ауыл тұрғындарын «бұған дейін басталған жобалар аяқсыз қалмай ма?» деген сауал алаңдатууда.

— Біз бұған дейін аудан және ауыл әкімдерімен бірнеше рет жүздестік. Түйткіл түйткілдердің түйткіл тарқату жолдарын жан-жақты қарастырдық. Бұған дейін округ әкімдері тарапынан ауылдарды көркейту бағытында түрлі жобалар жанданғанын хабарлармын. Бұдан бөлек, алда тұрған жоспарлар да бар. Біздің міндетіміз — осы жобаларды орта жолда қалдырмай, аяғына дейін жеткізу. Ауылдар облыс орталығына кіргеннен кейін ондағы тұрғындардың да тұрмысы соған сай болуы керек. Сондықтан



алдағы уақытта осы ауылдарды көркейту жолында күш саламыз, — дейді Бақытжан Әмірбекұлы.

Негізі, қазір Бектөбе ауылында 36, Қызылшарық елді мекенінде 7 көше жөндеуді қажет етуде. Сондай-ақ ауызу құбырын жүргізу, 5 көшені жарықтандыру, электр желісі мен қосалқы стансаны жөндеу, мәдениет үйлерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту жұмыстары күн тәртібінде тұр.

Көне шаһар құрамына енетін елді мекендердің қатарында Жамбыл ауданына қарасты Жамбыл ауылдық округі де бар. Бүгінде тұрғындарының саны 5 605 адамды құрайтын округке Шайқорық, Танты, Қоныртөбе ауылдары мен Шайқорық стансасы кіреді. Бұл елді мекендерде де күрмеуі қиын мәселелер аз емес. Алайда қала әкімі олардың бөрінің түйткілдеріне қаратуға күш салатындықтарын айтады.

— Көне шаһарды көркейту бағытында атқарылған ілімді істер аз емес. Енді қаланың көкжиегі бұрынғыдан да кеңейіп, жаңа елді мекендердің қосылуы жауапкершілік жүгін одан әрі арттыра түседі. Осы мақсатта әуелі ауылдардан облыс орталығына қатынайтын қоғамдық көліктердің санын арттыруға басымдық берудеміз. Осыған орай 2025 жылдың алғашқы жұмыс күнінен бастап елді мекендердің аумағына кіретін автобустардың бағыттарына қосымша өзгерістер енгізіліп, олардың саны көбейеді. Ауылдардағы зираттардың қоршауына байланысты да мәселе бар. Бұл бағытта да жоспар Бектөбе және Қызылшарық ауыл тұрғындарын «бұған дейін басталған жобалар аяқсыз қалмай ма?» деген сауал алаңдатууда.

Жер кезегіне байланысты да бірқатар сұрақ туындап отыр. Бұл ретте ұзақ жылдан бері жер кезегінде тұрған азаматтардың құқығы бұзылмайтындығын айтқым келеді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатында бірнеше соттық жерді иеленіп отырған азаматтар аз емес. Аталған азаматтардың тұрғын үйлері қала шекарасына өткеннен кейін де олар жердің нысаналы мақсатын үй салу үшін немесе бұрынғыдай жер телімін пайдалануды жалғастыра алады. Ол үшін құзырлы органдарға арнайы хат жолданған. Сондықтан «қалаға қосылғаннан кейін жерімізді мемлекет қай-

тарып алады» деп қорқатын еш негіз жоқ, — дейді қала әкімі.

Әрине, бұл — жаңа жылу беретін ақпар. Алайда қалаға қосылуы тиіс ауыл тұрғындарын алаңдатып отырған өзге де өзекті мәселелер аз емес. Оның бірі 10,5 мың тұрғын тұратын Жалпақтөбе ауылындағы ағайын «қалаға қосылғаннан кейін қызметте жаппай қысқарту жүрмей ма?» деген үреймен отыр.

— Қазір көпшілікті «Қалаға қосылғаннан кейін жұмысыз қалмаймыз ба, қысқартулар жүрмей ме?» деген түрлі ойлар мазалауда. Әрине, мұндай сауалдардың туындауы орынды. Алайда ешбір салада қысқарту болмайтынын ашық айтамын. Себебі қаладан екі аудан құрылғаннан кейін тиісінше екі бірдей әкімдік жасақталады. Онда жергілікті мамандармен қатар, сырттан келетін білікті кадрлар да қызметке тұруға мүмкіндік алады. Сол секілді білім саласында да осы оқу жылы аяқталғанша ешқандай өзгеріс болмайды. Ал келер оқу жылының қарсаңында сыныптар қала мектептеріне орайластырып заңмен белгіленген талаптарға сәйкес қайта құрылады. Алайда бұл педагогтар мен олардың сағат саны қысқарады деген сөз емес. Барлық қызметкер бұрынғыдай өз жұмыстарын жалғастыра береді. Дегенмен ауыл мұғалімдеріне төленетін 25 пайыздық қосымша үстемесі қантар айынан бастап берілмейді. Бұл — заңда белгіленген норма. Сондықтан бұған түсіністік таныту қажет, — дейді Бақытжан Әмірбекұлы.

Жалпақтөбе ауылында бұдан бөлек, 18 көше жөндеуден өтпек. Жоба құны 247,6 млн теңгені құрап отыр. Бұл жұмыстар 2026 жылға жоспарланған. Сондай-ақ ауылға ауызу құбыры жүргізілгенімен, 445 аула әлі күнге тіршілік нәрінің желісіне қосылмаған. Осы жұмыстар да алдағы уақытта мықтап қолға алынбақ. Бұдан бөлек, 50 көшеге жарық шамдары қойылады. Мұндағы жоба құны 760 млн теңгені құрайды. Әрине, барлық мәселе бір күнде шешіліп кетпесі анық. Алайда оқушылардың орнын толтыру бағытында ауқымды жұмыстардың қолға алынғаны қуантады.

Осыдан он жыл бұрын Шөлдала, Құмшағал, Қолтоған, Қызылбад ауылдары қала шекарасына қосылғанда да сан сауалдар туындағаны жасырын емес. Алайда бір күнде қалалық болып шыға келген елді мекендердің қазір еңсесі тіктеліп келеді. Сондықтан шаһардан тағы екі аудан құрылатынына үрей емес үмітпен қарау керек.

Әзірге екі ауданның атауы «Әулиеата» және «Жібек жолы» деп ұсынылуда. Бұл ұсыныс республикалық ономастика комиссиясына жолданып отыр. Егер қолдау тапса, келер жылы шаһардан екі аудан құрылатыны анық. Ал ол аудандардың болашағы қандай болары — уақыт еншісінде.

ТЕҢІЗ ТӨСКЕЙІНДЕГІ ТОҚЫРАҒАН ТІРШІЛІК

Бүгінгі қоғамда ауыл өміріндегі күрделі мәселелер аз емес. Әсіресе, күнделікті тұрмысқа қажетті жол мен ауыздан бастап ғаламторға қолжетімсіздік, денсаулық пен білім саласына қатысты түйткілдер жиі көтеріліп жатады. Ауылдағы ағайынның ахуалын білмекке ұмтылсаңыз, осы сынды толғағы жеткен түйткілдерді тізбектей жөнеледі.

А ЕРБАҚЫТ ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Сыр бойын жағалай қоныстанған шалғай ауыл халқының мәселесі шаш-етектен. Жергілікті әкімдіктер тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр деп сөз күйінде айтылғанымен, алақандай ауылда түгін түгетіп отырған дүйім жұрттың талабы таудай. Соның ішінде облысқа қарасты Арал ауданында басы ашық мәселе көп.

Бір кездері теңіз төскейін төрт түлігімен түлетіп, су маржанымен жан баққан өңір жұртының бүгінгі тіршілігі тоқырай бастаған. Жыл артына жыл салып күрмеуі күрделене түскен түйткілдер көптің өзегін өртеп тұр. Бұл тұрғыда шалғай ауылда тұрмыс кешіп жатқан халықтың күнделікті қажеттілігі реттелмей, талаптарын ескерер жан бой көрсетер емес. Жергілікті жұртшылықтың мұңы осыған саяды.

Аудан аумағында теміржол торабында тұрмыс кешіп жатқан Сексеуіл аталатын шағын ғана кент бар. Бұл елді мекеннің аумағы ат шаптырым жерді құраса да, мәселесі бір түйеге жүк боларлық. Кент халқының басты сұранысы көгілдір отынға келіп тіреледі. Қанша жерден Сыр өңірінде газдандыру жұмыстары жоғары деңгейде жүргізіліп жатыр деп ауыз толтырып айтқанымызбен, мұндай бақыт сексеуілдердің бағына әзірге бұйырар емес.

Сонымен қатар ауыл халқы бір ауруханаға жарымай отыр.



«Басы ауырып, балтыры сыздаған» халық қайда, кімге қаралады беймәлім обігерге түседі. Ауылдан еміне шипа таппағанын, ауданға, облыс орталығына, одан қалды Алматы мен Астана сияқты ірі қалаларға ат сабылтып баруға мәжбүр. Оның өзін бірінші қалтасы көтерсе, келесісіне қолжетімсіз. Әйтеуір, әуірімдеп күн кешіп жүр.

Жалпы, аталмыш кентте 20 мыңға жуық халық тұрады. Кент аудан орталығынан 60 шақырым қашықтықта қоныстанған. Ауыл халқының негізгі тіршілік көзі теміржол депосымен тығыз байланысты. Сонымен қатар ойсыз қара тұқымын өрістетіп, дәмі тіл үйретін шұбатымен көпке мәлім.

«Сексеуілдің мәселесіне тоқталар болсам, ауылымыз 1938 жылдан бастап қала типтес елді мекен санатына кірді. Бүгінде тұрғылықты халықтың қарасы қалың. Нақты айтқанда, 20 мыңға таяу халық мекендеді. Солай бола тұрса да, кентте аурухана мәселесі көп жылдан бері қордаланып келеді. Себебі Кеңес кезінде кірпіші қаланған бұрынғы емхана ескіріп, жарамсыз күйге жеткен. Заманында бұл ғимаратта 40 орындық емхана мен перзентхана жұмыс істейтін. Бертін келе перзентхана ғимаратын ескіргендігіне байланысты жабылды. Бүгінде жүкті әйелдер аудан орталығына қатынайды. Ал 40 орындық емханада халық әулірімдеп ем алып жүр. Соңғы 5 жылдықтың шамасында, тұра-сын айтқанда, 2019 жылы жаңа емдеу мекемесін салу ісі қолға алынған болатын. Бірақ баянда бастама бес жылдай созылған салынып, «сақалды құрылысқа» айналды. Себебі құрылыс нысаны жемқорлықтың құрсауында қалды. Естүімдіше, жыл аяғына дейін осы емдеу орнын пайдалануға беру жоспарланып жатыр екен. Әуелгіде халық бұған қуанғаны боларын. Бірақ тағы бір «өп-теген-ай» дейтін тұстары көрініп



қалып жатыр. Тарқатып айтар болсам, бұған дейін 40 төсектік болып жоспарланған емдеу орны 25 төсек-орны болып қысқартылған деген қауесет бар. Себебі ғимараттың бір бөлігіне желдік жәрдем, келесі бөлігіне перзентхана ашу көзделген. Ал үшінші бөлігіне 25 орындық аурухана ашылатын көрінеді. Бірақ жоғарыда айтып өткенімдей, 20 мыңға жуық халық тұратын кентке 25 орындық емдеу мекемесі аздық ететіні сөзсіз. Сонда «Бастапқы жобалық құжатта көрсетілген 40 төсек-орны қайда қалды?» деген сұрақ туындайды. Әзірге бізге себебі беймәлім. Сондай-ақ жаңа ауруханамызға жанадан ешқандай медициналық құрал-саймандар, төсек-жабықтары алынбайтын көрінеді. Ескі емханадағы құрал-жабықтар көшіріледі екен. Сонда әу баста емдеу орнына қажетті құрал-жабықтар жоба-сметалық құжаттамаға

орталығына басқа қызметке ауысып үлгерді. Орнына жаңа әкім келді. Бірақ әлі де жағымды жаңалық ести алар емеспіз. Жылы креслоға жайғасқан жаңа әкім де жобаны жалғастыруға асықпайтын сияқты», — деп сөзін сабақтады кент тұрғыны.

Бүгінде көгілдір отынды күткен көздері талған сексеуілдіктер ашынып отыр. Ең болмаса бастаған жобаны аяқтауға құлықсыздық танытып отырған жергілікті биліктерінің әрекетіне наразы.

Елді мекен халқы жұмыссыздық мәселесі де есенгіретіп отырғанға ұқсайды. Кент халқы негізінен теміржол депосымен жан бағып отыр. Екі қолға бір күрек таппай сенделіп жүрген жастар өте көп.

Ауданға қарасты Беларан ауылдық округі Құланды елді мекені халқының аяғар базанысы аз емес. Аудан орталығынан 300 шақырым қашықтықта орналасқан алақандай ғана ауылда ауызу мен жолға қатысты мәселе көп жылдан бері қордаланып тұр.

«Біздің ауылда ауызу мәселесі өте өзекті. Күнделікті тұтынатын тіршілік нәрін су таситын арнайы көлікпен тасып құяды. Бұған дейін ауылымызда ұңғы-мадағы суды тұштытатын қондырғы орнатылды. Соның негізінде үй ізге ауызу тарту жұмыстары жүргізілетіні айтылды. Соңғы жылдары бізден 90 шақы-

«Бір кездері теңіз төскейін төрт түлігімен түлетіп, су маржанымен жан баққан өңір жұртының бүгінгі тіршілігі тоқырай бастаған. Жыл артына жыл салып күрмеуі күрделене түскен түйткілдер көптің өзегін өртеп тұр. Бұл тұрғыда шалғай ауылда тұрмыс кешіп жатқан халықтың күнделікті қажеттілігі реттелмей, талаптарын ескерер жан бой көрсетер емес. Жергілікті жұртшылықтың мұңы осыған саяды.»

енгізілмегені ме? Осы сауал көптің көңілін күпті етіп жүр», — деп мұның шакты кент тұрғыны Фаби Мырзашев.

Кент тұрғындарының тағы бір арманы — көгілдір отынның игілігін көру. Негізінен, облыс бойынша Арал ауданы газға алғаш болып қосылды. Дәйтұрғанмен, кейбір ауылдар әлі де пеш жағып отыр. Соның ішінде сексеуілдіктердің көгілдір отынға қосылу сәтін күткеніне көп болған.

Халықтың пікіріне сәйкес, кентті газдандыру мәселесі ең алғаш 2022 жылы қолға алыныпты. Алайда түрлі себеппен әлі күнге пайдалануға берілген емес.

«Көгілдір отын төнірегінде де түйткіл көп. Ең алғаш кентті газдандыру мәселесін 2022 жылы сол кездегі аудан әкімі Серік Сермағанбетов ауылымызға жұмыс сапары барысында жұртшылыққа сүйіншілеп жеткізген болатын. Сол кездесуде халыққа жобаны орындаушы мердігер мекеме StroyGazCompany ЖШС-ны таныстырған еді. Әкімнің сол кездегі уәжіне құлақ түрсеңіз, игі бастама сол жылдың қазырайында пайдалануға берілуі көзделіп отырғанын мәлімдеді. Бірақ сол кездегі әкімнің уәдесі құрғақ сөз күйінде қалды. Кейіннен жобаны іске асырушы мекеменің екі жылға келісімшарт жасалғанын білдік. Содан бермен қарай екі кездей уәде берген әкім облыс

рым жердегі Ақбасты деген ауылға қаладан ауызу тарту жұмыстары бастау алаңы болатын. Аталмыш жоба таяу күндері ел игілігіне пайдалануға беріледі деп күтілуде. Ал құландылықтар тасадан калып тұр. Сонымен қатар жол мәселесі де жүйкелі жұқартты. Құланды ауылынан 35 шақырым жерде газ құбыры өтіп жатыр. Сол маннан үлкен трасса салынған. Сол трассадан ауылға дейін тасжол салу мәселесі жиі көтеріледі. Бұған дейін ауданның бұрынғы әкімі мәселені көзбен көріп, жол салып беруде еткен болатын. Бірақ нәтиже жоқ», — дейді Құланды ауылының тұрғыны Жасұлан Дәулетов.

Жалпы, облыс орталығынан шалғайда орналасқан Арал өңірінде ахуалы алаңдатарлық ауылдар аз емес. Бірі жол азыбын тартса, екіншісі аяқсу мен ауызуға шөліктер отыр. Көгілдір отынның игілігін көру арманға айналған ауылдардағы ағайынның жыры өз алдына бір төбе.

Негізінен, ауыл десе елдендейтін қазақ жоқ. Біз де өз кезегінде ауылдағы ағайынның ахуалын бағамдап көрдік. Қос ауылдың өзінде шешімін күткен мәселе бар екенін білдік. Ағайынның ішкі жан қалауын сезіндік.

Ең бастысы, ауылды көркейтуге күш саламын деген әрбір азамат бастаған ісін аяқсыз қалдырмаса игі. Ауыл дамыса, мемлекет те дамыды деп әсте бекер айтылмаса керек.



19 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ



Жыл соңында халықаралық студиялардың қазақ тіліне аударған анимациялық фильмдер қоржыны тағы бір туындымен толықты. Таяуда Алматы қаласында Disney студиясының «Муфаса. Арыстан патша» фильмінің тұсау-кесер көрсетілімі өтті. Жабық көрсетілімге тіл жанашырлары, қоғам қайраткерлері мен депутаттар, дубляж актерлері мен блогерлер, БАҚ өкілдері қатысты.

DISNEY ҰСЫНҒАН ОЗЫҚ ТУЫНДЫ

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

«Муфаса. Арыстан патша» — Disney компаниясының биыл қазақ тіліне аударып, дубляж жұмыстарын қаржыландырған үшінші жобасы. Осыған дейін ана тілімізде үлкен экранға жол тартқан «Ойжұмбақ 2», «Моана 2» фильмі аз күннің ішінде кассалық табысы бойынша рекорд орнатқан еді. Нақтырақ айтсақ, дәл қазіргі кезеңде еліміздің кинотеатрларында қаралымы жүріп тұрған «Моана 2» фильмі он екі күннің ішінде жалпы кассалық түсімі 151 миллион теңгенен асты. Әзірге қазақ тілінде дубляждалған фильмдердің арасында оқ бойы озып тұрған «Моана 2» анимациялық фильмінің қазақша нұсқасы бокс-офистердің 12,36% үлесін қамтыды. Әлемдік деңгейде танымал Disney студиясы өз фильмдерін әртүрлі мемлекеттердің ана тіліне бейімдеп, дубляж жұмысына қолдау көрсетуі бұрыннан қалыптасқан үрдіс. Жыл сайын Disney студиясы әр фильмінің түрлі тілдегі 30–ға жуық нұсқасын әзірлейді. Ал 2024 жылдан бастап «Қазақ тілі» қоғамының ұйытқы болуымен ірі халықаралық студиялар дайындаған әлемдік премьералар қазақ тілінде «сөйлей» бастады.

— Қазақ тіліне аударылып жатқан фильмдерді барынша кеңінен насихаттап, қазақ дубляжын қолдауға шақыруды жалғастыра береміз. Әлемдік студиялардың қазақ тілді ортаның қызығушылығы мен нарыққа ықпалын ескеріп, үздік туындыларын өз есебінен аударып, ұсынуы — біз үшін өте жақсы жаңалық. Биылғы әлемдік премьералардың қазақ тіліндегі аудармасы бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіштерге жетті. «Моана 2» фильмінің қазақша нұсқасы осыған дейінгі қазақ тіліндегі барлық анимациялық фильмнің рекордтарын жаңартты. Бұл — қазақша кино қарауға ықпалы қаншалық көбейгенінің белгісі. Алдағы уақытта танымал туындыларды қазақ тіліне аудару жалғасын табады. Бұл тіліміздің тартымдылығын арттыруға және кеңінен таратуға бағытталған тиімді тәсіл деп санаймын, — дейді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы.

«Муфаса. Арыстан патша» фильмінде Рафики Симба мен Наланың қызы Киараға Прайд жерлері сүйікті патшасының хикаясы мен патша атану жолында басынан кешкен қиындықтары туралы баяндайды. Адасып, жетім қалған Муфаса патша отбасынан шыққан Така есімді мұрагерді кездестіреді. Така оған жаны ашып, қолдау көрсетеді. Екеуі тағдыр өзгертер саяхатқа аттанып, дұшпандармен бетпе-бет кездеседі. Сапар кезінде олардың достығы да сынға түседі. Көрермен фильм барысында Тимон мен Пумбамен қайта қауышады. Шытырманға толы сюжет



желісі көрерменін экранға жақындататын фильм жолда кездескен қиындықтарды тайсалмай өңсеру арқылы ғана мақсатына қол жеткізу мүмкін екенін, сондай-ақ достыққа әрқазырақ болу қажет екенін көрсетеді. Тағы бір атап өтерлік маңызды жайт, мюзикл, драма жанрына құрылған отбасылық фильмнің алдағы күндері ауыз толтырып айтарлық көрсеткішті бағындыруы мамандар үшін де аса маңызды. Себебі бұл Disney компаниясымен арадағы келісімнің одан әрі нығаюына, нарықта қазақ тілді сапалы контенттің молаюына ықпал етеді. Жабық көрсетілімде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті Дулат Тастекейді сұхбатқа тартқан едік. Ол өңгіме барысында фильмді

атқарып отырғанына қуаныштымын. Жоспар бойынша мақсатымыз «Қазақ тілі» қоғамының келісімі негізінде биыл үш туындының кинотеатрларда қандай қаралымға қол жеткізетінін көру еді. Егер «Муфаса. Арыстан патша» фильмі де кассалық табысы бойынша жақсы көрсеткішке жетсе, алдағы уақытта Disney және Pixar студияларымен келісімге келуіміз әлдеқайда жеңілрек болады деп ойлаймын, — деді Дулат Тұрсынұлы.

Фильмдегі басты рөлдердің дыбысын сомдайтын актерлер үшін алдын ала кастинг ұйымдастырылған. Іріктеуде бағын сынап көрген актерлердің арасынан басты рөлдегі Муфасаны дыбыстауға Ерасыл Мұхамдиев таңдап алынды. Дубляж актері осыған дейін



қазақ тіліне дубляждау ісі толыққанды Disney мен Pixar есебінен жүргізілгенін атап өтті.

— «Муфаса. Арыстан патша» — биылғы жылғы Disney және Pixar киноәлеміндегі мықтылардың өз қаражатынан қазақ тіліне аударған ерекше бір туындысы. Осыған дейін үлкен экраннан көрсетілген туындыларды балаларымыз бірге келіп тамашаладық. Ең біріншіден, қазақ тілінде осындай сапалы дейгейде дубляж жасау ана тілімізге деген қызығушылықты тудырса, екіншіден, біздің қазақ тілді аудитория әрбір сеанса фильмді тамашалауға барған сайын қазақ тіліндегі қаралымның сұранысын арттырып отыр. Біз тамашалауға келген «Муфаса. Арыстан патша» бала күнімізде шыққан туынды еді. Енді міне, отыз жылдан кейін қайтадан келіп, фильмді қазақ тілінде көрейін деп отырмын. Алдағы уақытта аудиторияның фильмге қызығушылығы әлдеқайда жоғары болады деген сенімдемін. Біз неғұрлым қазақ тілді өнімдерді қолдасақ, келесі жылы халықаралық студиялардың өз қаражатына аударған қазақ тіліндегі фильмдерін жиі көреміз. «Қазақ тілі» қоғамының осындай игі бастамаларға қолдау көрсетіп, сапалы жұмыс

үлкен экранда көрсетілген «Ойжұмбақ 2», «Моана 2» фильмінде қосалқы рөлді сомдаған.

— Ең бірінші бөлімде Муфасаның баласы Симба есейіп, қалай патша болғаны жайлы баяндалады. Сондай-ақ фильмде оған дейінгі хикая, яғни әкесі Муфасаның бала кезі, есею шағы, патшаға айналуы, түрлі оқиғаларды бастан өткергені туралы көрсетіледі. Кейіпкерді дыбыстау үшін ең алдымен кастингтен өттік. Бізді студияға шақырды. Сонда мен өз кейіпкерімді дыбыстадым. Бұл командалық жұмыс болғандықтан, жұмыс процесі шамамен бір немесе бір жарым айға созылуы мүмкін. Ал жеке өз кейіпкерімді бір аптаға жуық уақыт ішінде дыбыстап, жұмысты аяқтадым. «Муфаса. Арыстан патша» мультфильмінің осыған дейін қазақ тілінде жарық көрген нұсқасы бар. 2019 жылы фильм түрінде бірінші бөлімі шықты. Осы жолы кейіпкерім Муфасаны дыбыстау үшін дайындық барысында фильмнің бірінші бөлімін қайта қарап шықтым. Одан бөлек, биыл кинотеатрларда көрсетілген «Ойжұмбақ 2», «Моана 2» жобаларына да өз үлесімді қостым, — деді диктор және дубляж актері Ерасыл Мұхамдиев.

Одан өзге, бас кейіпкерлерді қазақ тілінде сөйлеткен өнер иелерінің қатарында Дулыға Ақмолда, Бактияр Байсерік, Асан Мәжіт және вокалды партияларды орындаған Динара Сұлтан, Әбік Жексен, Таир Сахив және 91 тобының мүшесі Азамат Ашмақын (Асе) бар. Қазақ тіліндегі дубляж режиссері және Таканын сөзі мен әндерін орындаған — Шах-Мұрат Ордабаев. Музыкалық жетекші — Әнел Сіргебаева.

Фильм аяқталғаннан кейін залдағы көрермен қошемет көрсетіп, балалық шақтың ыстық естелігін ана тілінде ұсынуға атсалысқан шығармашылық ұжымға ыстық ықыласын білдірді. «Муфаса. Арыстан патша» анимациялық фильмі 19 желтоқсаннан бастап еліміздің барлық кинотеатрына жол тартады.

ШАХМАТШЫЛАР ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ОЗА ШАПТЫ

14-16 желтоқсан аралығында терме Чатежде (Словения) U14-U18 жастар арасында рапид және блиц бойынша әлем чемпионаты өтті. Сайыста Қазақстанның жас шахматшылары 10 медаль жеңіп алды. Оның ішінде Елназ Қалиахмет пен Даниял Сапенон алтын иегері атанды.



— Биыл шахмат әуесқойлары үшін сәтті жыл болды. Өйткені біздің жас жігіттер тамаша өнер көрсетіп, медаль саны жағынан рекорд орнатты. Рапид пен блицтен жастар арасындағы әлем чемпионаты да осы сарында жалғасты. Қазір қоржымымызда 10 медаль бар. Мен шахматшылар мен жаттықтырушыларды және ата-аналарымызды керемет нәтижемен құттықтаймын. Бұл үлкен спорттық жолдың бастамасы ғана екеніне сенімдімін, — деп атап өтті Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Тұрлов.

U14-U18 жастар арасындағы рапид және блиц бойынша әлем чемпионаты (FIDE World Youth Rapid & Blitz Championships



2024) 36 елден 320-дан астам жас шахматшы қатысады. Қатысушылар арасында 1 гроссмейстер (GM), 4 халықаралық шебер (IM), 1 халықаралық әйелдер шебері (WIM), 37 ФИДЕ шебері (FM) және 15 әйелдер ФИДЕ шебері (WFM) бар.

ОЛИМПИАДА КОМИТЕТІМЕН ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Қазақстан Ұлттық олимпиадалық комитетінің президенті Геннадий Головкин, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов және Халықаралық олимпиадалық комитетінің спорт жөніндегі директоры Кит МакКоннелл алдағы Олимпиада ойындарына дайындық және екіжақты ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылауға арналған келіссөздерге қатысты.



Милан мен Кортинада өтетін 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындары, Лос-Анджелестегі 2028 жылғы жазғы Олимпиада, Эр-Риядта 2025 жылы Олимпиада аясында алғаш рет өтетін киберспорт жарыстары және Дакардағы 2025 жылғы Жасөспірімдер олимпиадасы кездесуде басты тақырыптардың бірі болды. Келіссөздер барысында жарыстардың бағдарламасы, көлік-логистикалық қамтамасыз ету, мәдени және білім беру іс-шаралары секілді маңызды мәселелер қаралды.

Тараптар бірлескен жұмыс пен тәжірибе алмасудың халықаралық іс-шараларды жоғары

деңгейде ұйымдастыруға қамтамасыз етудегі маңыздылығын атап өтті.

ХОК-нің спорт жөніндегі директоры Кит МакКоннелл Қазақстанның халықаралық ынтымақтастықты нығайтудағы күш-жігерін жоғары бағалап, Геннадий Головкиннің World Boxing ұйымының Олимпиадалық комиссиясының төрағасы ретінде боксты Олимпиада бағдарламасында сақтау процесіндегі үлесін ерекше атап өтті. Қазақстан ҰОК басшысы Халықаралық Олимпиадалық комитетімен ынтымақтастықты күшейтуге дайын екенін жеткізді.

NUR MEDIA
МЕДИАКОМПАНИЯСЫ

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АППЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОНИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Бағи Жанұзақ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4535
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,